Mentor
әдістемелік орталығы

# «Үздік қалам»

“MENTOR”
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



республикалық ғылыми-танымдық
әдістемелік журналы

№4(2)
2024

Ақтөбе қаласы

## МАЗМҰНЫ/CONTENT/СОДЕРЖАНИЕ

Амирова Гульзаман Уаповна....4
Алибаева Сандыгуль Чимбаевна....8
Альменова - Жаимова Айгуль Канореевна11
Байниязова Гулдана Женисовна....16
Бертлеуова Эльмира Бахуадиновна....19
Бирмагамбетов Кайрат....20
Джукетаева Ақгүл Райымбекқызы....30
Есенбаева Гулназим Мейрамхановна....32
Еркінқызы Лия....37
Ерполатова Гулсим Едилбаевна....40
Есенбаева Кумыс Бутаевна....42
Жаманкулова Мария Рауовна....48
Жумабаева Сауле Нурбергеновна....50
Жумагазин Нурбулат Мукатаевич....53
Казиханова Амангул Жанатовна....55
Кушербаев Даурен Муратович....57
Қойшықұлова Диляра Талғатқызы....59
Қайырбекқызы Амангүл....60
Клютова Гулназ Жаугаштыевна....63
Маралова Баян Нигметуллаевна....69
Маханова Молдир Бегалыевна....72
Молдахметова Альбина Жаксугуловна....74
Мырхина Лира Айтжановна....76
Ниязова Жанар Муханбетовна....80
Нурмаханова Айгул Арыновна....86
Оборотова Алена Сергеевна....88
Оражанова Айнур Мамырхановна....93
Орақова Лаура Тельманқызы....94
Пайызова Гүлжанат Сабитқызы....95
Полетаева Мария Петровна....98
Савапова Гульсим Апсултановна....101
Саматқызы Нұрсая....104
Садуакасова Гулзипа Утегеновна....105
Смаилова Самал Муратовна....108
Умбеталина Райгуль Кайратовна....110
Уразымбетова Раушан Ислямкызы....112
Туралиева Айна Хамитовна....114
Алимбетова Балзира Ергалиевна....116
Демесова Гульжан Куанышбековна....119

## «ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ ЕРЕЖЕСІ

**Мақсаты:** Педагогтердің ғылыми-танымдық әлеуетін дамыту.

Басылымы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою туралы № KZ49VPY00083149 куәлігі 2023 жылы 04 желтоқсанында берілген, құжатқа сәйкес 2024 жылдан бастап шығарылады.

Кезеңдік басылым: 1 жылда 24 рет, қазақ, орыс және ағылшын тілінде жарық көреді.

Журналда Қазақстан Республикасының арнайы және жоғары оқу орындары, мектепке дейінгі ұйым, ЖББОМ педагогтерінің шетелдік ғалымдар, ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғалымдары орындайтын (орындаған) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің, эксперименттік әзірлемелердің нәтижелері, сондай-ақ ғылыми-ақпараттық материалдар және т.б. жарияланады.

### ЖАУАПТЫЛАР:

**Бас редактор:**
Нурбергенова Сауле Турмагамбетовна
**Бас редактордың орынбасары:**
Жайтапова Алтынай Альбековна, п.ғ.д., профессор
**Редакция алқасы:**
Тихомирова Валентина Тихоновнап.ғ.к., доцент
Сулекенова Гульжан Утесиновна
Рысбеова Айнур Маратовна
Озган Мехмет
Дауметова Салтанат Турмаганбетовна
**Дизайн:**
Муханбедин Аружан Айбарқызы

Меншік иесі: «Mentor» әдістемелік орталығы
(Ақтөбе қаласы)
Редакцияның мекен-жайы:
Индексі-030000
Ақтөбе қаласы, А.Молдагулова даңғылы 66/2

Авторлар қолжазбасы, суреттер өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Журналда жарияланған материалдары көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, сілтеме жасалуы міндетті.
Журналға жинақтарыңызды kalam2025@mail.ru. почта арқылы жіберулеріңізге болады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



**Амирова Гульзаман Уаповна**

# ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МЕН ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ ТУРАЛЫ

Алматы қаласы, “Жаңа Ғасыр” 175 гимназиясы музыка пәні мұғалімі

***Аңдатпа:*** *Салт-дәстүр сабақтастығы ұлттар арасындағы қарым-қатынас. Ұлттық сезім-адамдардың туған жерге, өскен елге, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігі. Қазақ халқының сан ғасырлық ұрпақ тәрбиесінде жалғасын тапқан өзіндік рухани тарихы, тағлымы, ой-пікірі, қорытынды түйіні, философиялық жүйесі.*

***Кілт сөздер****: Отан, Ұлт, халық, тарих, дәстүр.*

***Abstract:*** *Continuity of traditions is the relationship between nations. National feeling is people's love for the place of birth, the country where they grew up, their mother tongue, national traditions and customs. The Kazakh people have their own spiritual history, education, thoughts, which have been continued in the education of the digital generation for centuries. conclusion, philosophical system.*

***Key words****: Homeland, Nation, people, history, tradition.*

Қазақ этнопедагогикасының үлкен бір саласы қазақ халқының салт-дәстүрі болып табылады. Халықтың игі әдеттері дағдылана келе әдет-ғұрыптар, салт – дәстүрлерге халықтың өмірінде қалыптасқан салт- дәстүрлер салт-сана болып қалған. Халықтың салт –дәстүрлері, рәсімдер мен жөн- жоралғылар,ырымдар мен тыйымдар, түрлі сенімдер өмірде қолданыс тауып келеді. Оның бәрі дамып, толысып, жаңарып отырады. Қазақ халқының салт- дәстүрлері осы ұлттың мінез- құлқын, қасиеттерін көрсетеді. Кейбір салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар сол халықтың тұрмысына, тәрбиесі мен мінезі, сеніміне, ырымына қарай қалыптасып келеді. Салт- кәсіпке, сенімге, тіршілікке байланысты әдет- ғұрып, дәстүр. Ол ұрпақтан- ұрпаққа ауысып отырады. Уақыт өткен сайын салтқа өзгеріс еніп,өзгеріп, қоғамға байланысты бейімделіп келеді. Жаңа қоғамдық қатынасқа сай келмейтін дәстүрлер ығысып, өмірге қажетті жаңалары дамып отырады.

Дәстүр- ұрпақтан- ұрпаққа ауысатын, тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістер. Ол- қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез- құлқының, іс- әрекетінің рухани негізі. Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел дәстүрге де бай. Ата- ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, әдептілік, мейірімділік сезімдері озық дәстүрлерге жатады.

Ұлт дегеніміз – адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этникалық, қауымдық бірлестігінің жоғары түрі. Қай халықтың болмасын ұлт болып қалыптасуы үшін қажетті факторлар: оның құрамына енген адамдар тобының материалдық тұрмыс жағдайларының, территориясы мен экономикалық өмірінің, тілі мен мәдениетінің, әлеуметтік хал-ахуалдағы сол ұлтқа тән кейбір этникалық ерекшілігінің ортақтығы болып табылады.

Ұлттың жан-күйі мен ұлттық мәдениет арасында тығыз байланыс бар. Ұлттық мінез-құлық ерекшілігі ұлт мәдениетінің түрлерінен көрініс береді. Әр ұлттың өзіне тән мінез-құлық, қызуқандылық ерекшілігі сол елдің музыка мәдениетінен қалай сезілсе, би өнерінен, қол өнерінен де сондай ашық,

айқын сезіліп, көрініп тұрады. Ұлттық жан-күй үйлесім ерекшілігі адамдардың отбасылық қарым-қатынасынан, киім кию түрлерінен, спорттық ойын ерекшеліктерінен немесе тұрмыстық салт-дәстүрлерден (келін түсіру, қыз ұзату тойлары, т.б), ұлттық тағам түрлерінен айқын байқалады.

Ұлттық жан-күй үйлесімі үш бөліктен тұрады: ол - ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүрлер және ұлттық мінез. Осы үш бірлік ұлттық мәдени ерекшеліктің шартты белгілері болып табылады.

Ұлттық сезім дегеніміз – адамдардың туған жерге, өскен елге, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігін білдіруі. Ұлттық сезім - адамды қоршаған ортаның (әлеуметтік-экономикалық, мәдени және жаратылыс құбылыстарының) сол ұлт өкіліне тартқан ерекше сыйы. Ұлттық сезім басқа сезімдер сияқты, адамның жеке басының қанағаттануына байланысты ой-қиял, әсер, түйсігінің сыртқа шыққан көрінісі, ол өзгелерге тіл арқылы жеткізіледі. Міне, мұның бәрі ұлт мәдениетінің ұлттық рухани сезімді оятуға тигізер әсері. Ұлттық сезім ұлттық эстетика, әдеп, парасаттылық және күнделікті өмірдегі талғам мен сезімдердің жиынтығы – мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, көркем шығармалар арқылы көрініс табады. Сондай-ақ ұлттық салт-дәстүрлерде ұлттық сезімді оятуға ықпалын тигізеді. Мысалы, домбыра тартып, өлең айтып, айтысып жатқан ақындардың өлең-жырларына, белдесіп жатқан балуандардың күресіне немқұрайлы қарайтын қазақ болмайды. Себебі домбырамен өлең айтып, жыр төгу – ұлттық дәстүр және ол сол ұлттың мақтанышы. Сондықтан да өлең-жыр әуені, домбыра сазы – ұлттық сезімді оятатын тәрбие құралы.

Ұлттық салт пен дәстүрдің тууы ұлттың ұлт болып қалыптасуына байланысты. Қазіргі ғылыми зерттеулер бойынша, қазақ ұлтының алғаш пайда болуы XIII – XIV ғасырлары басталған болатын. Олай болса, сол дәуірден бері қарай қазақтың көптеген әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлері қалыптасып, дами бастады. Оның озық үлгілері ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, біздің уақытымызға дейін жетіп отыр. В.Г. Белинский салт-дәстүрдің өміршеңдігі жөнінде: «Әдеп-ғұрып замандар бойы сыннан өтеді. Өз дәуірінде ардақталып, ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан-руға, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Олар халықтың сыртқы бейнесі болып келеді. Әрине, әр халықтың өзіне тән салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы болады. Олар сол халықтың ерекше белгісі болып сақтала береді.

Ұлттық салт-дәстүрлер – тарихи көне процесс. Көптеген салт-дәстүрлер ұлттың ұлт болып қалыптасуынан бұрын пайда болған. Салт-дәстүр сабақтастығы ұлттар арасындағы қарым-қатынаспен тығыз байланысты. Әр ұлттың өзіне тән ерекшелігі бар. Оны музыка мәдениетінен, би өнерінен, қол өнерінен, тұрмысынан байқаймыз. Ән, күйлерді тыңдай отырып, билерін, ою-өрнектерін,зергерлік әшекей заттарын көре отырып,оның қай ұлтқа тән екенін ажырата білуге болады. Осылайша қазақ ұлтын да оңай ажыратуға болады. Қазақ халқының бұрыннан пайда болған салт-дәстүрлері басқа көршілес жатқан ұлттардың салт-дәстүрлеріне ұқсас болып келеді. «Қырғыз қазақ бір туған» деген мақал қазақ халқы мен қырғыз халықтарының бір-біріне өте ұқсас екенін көрсетеді. Сонымен қатар түркі тілдес халықтар да қазақ халқымен бір қандас болып келеді.Қандай халықтың болмасын салт-дәстүрлері сол халықтың мінез-құлқын, қасиеттерін таныта алады. Мысалы: қазақтарға тән бауырмалдық, ақжарқындық, қонақжайлық. Әрине, бұл қасиеттер басқа халықтарда да кездеседі. Бірақ бұл қасиеттер ір халықта әр қырынан көрініс береді. Сонымен ұлттардың салт-дәстүрлеріндегі мінездері мен қасиеттері бір-біріне ұқсап,бірін-бірі толықтырады.

Әр халықтың сан ғасырлық ұрпақ тәрбиесінде жалғасын тапқан өзіндік рухани тарихы, тағлымы, ой-пікірі, қорытынды түйіні, философиялық жүйесі болатыны белгілі. Тарихи көне ұғымдар мен түсініктер көшпелілер мәдениеті мен өркениетінде көбінесе өзіндік көркем бейнелі нақышта кескінделіп, адамзаттың

дүниетанымдық ой-танымының көркемдігін мәдени-рухани құндылығын байытады.

Салт-дәстүр — әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін терминге жатады. Салт-дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық — өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтемеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалап та отырған. Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды. Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонағасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы — мәдениеттің байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт-дәстүр көрінісі. Қазақ халқы – салт-дәстүрге өте бай ел. Бұл – оның мәдениетті әрі тәрбиелі ел екендігінің айғағы. Белгілі қоғам қайраткері, заңгер Н.Шайкенов: «Ұлт дәстүрі – заңнан биік», - деген. Демек, салт-дәстүрлі ел – мықты әрі тұғыры берік ел. Біздің халқымыз өз ұрпақтарына ғасырдан ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрмен, өнегені әдет-ғұрыппен, үлгіні жөн-жосықпен, әдепті ырым, тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген. Ұлттық тәлім, салт-сана сабағы адамгершілік тәрбиесінің аса сенімді әрі ғажайып жол екенін көрсетті. Отаншылдық, ерлік, мәрттік, жомарттық, қайырымдылық, жоғары адамгершілік қасиеттер осы жол арқылы дарыған. Батыр жазушы Бауыржын Момышұлы Ұлы Отан соғысы жылдарында: «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен солдаттың басында жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде халықтардың басынан өткен жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлердің маңызы зор екеніне көзім жетті», - деп жазды. Олай болса, әдет-ғұрып – қазақ халқының мызғымас заңы деп қабылдаған жөн. Дана халықтың өзі жасаған осы әдет-ғұрып пен жөн-жосықты біліп, үйрену және өмірде қолдану – ағайынды адастырмас сара жол. Мұны отбасында ата-ана, мектепте ұстаз, көпшілік ортада ақсақалдар жастарға үйретіп, айтып отырса, ұтарымыз көп болар еді. Қазақ халқының салт-дәстүрлері осы ұлттың мінез-құлқын,қасиеттерін көрсетеді.Кейбір салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары сол халықтың тұрмысына, тәрбиесі мен мінезіне, сеніміне, ырымына қарай қалыптасып келеді. Қазақта «Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа» деген мақал бар. Той-думандарда, жиындар мен мерекелерде орындалатын осы қазақ халқының салт-дәстүрлері оның ұмыт болмағанын паш етеді.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарастарына байланысты ұрпақтан-ұрпаққа берілгенде ауысып, өзгеріп, жаңарып отырады. Қазіргі уақыттың өмір ағымына байланысты кейбіреулері түрленіп қана қоймай жаңадан еніп те жатыр.

Салт-дәстүрдің ұрпақ тәрбиесіндегі мәні зор: бала тәрбиесіне, тұрмыс-салтқа, әлеуметтік мәдени салт-дәстүрлер болып үш түрге бөлінеді. Бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарға баланың дүниеге келген күнінен бері жүргізілетін тәлім-тәрбиелерден бастап, есейіп азамат болып кеткенге дейінгі кезеңі кіріде.Мысалы: шілдехана, сүйінші, балаға ат қою, бесікке салу, қырқына шығару,

тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет той, ұл бала мен қыз баланың жанұя болуы мен шаруашылыққа, еңбекке, өмірге бейімдеу.

Тұрмыс салт-дәстүріне қазақтың киіз үйі, киіз үйдің немесе тұрғын үй жиһаздары, ұлттық киімдер мен тағамдар, мал бағу, егіншілік, аңшылық, балықшылық, бағбаншылыққа қатысты кәсіптерге үйретудің тәлімгерлік түрлері енеді. Ал, әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлерге: қазақ ауылы, ауыл адамдарының туыстық қатынастары, шешендік сөз өнері, қазақтың ұлттық әуен аспаптары, үйлену-үй болуға байланысты.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі. Ол мемлекеттік маңызы зор, аса жауапты іс болып табылады. Дені сау, сезімі сергек ақыл-ойы жетілген «сегіз қырлы, бір сырлы» абзал азамат тәрбиелеу халқымыздың ғасырлар бойы арманы болып келеді. Осы арман дене, ақыл-ой, адамгершілік, кәсіптік және эстетикалық тәрбиенің түрлері арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ғасырлар бой халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда сіңіріліп, іске асырылып отыр.

Әрбір отбасының қалыптасқан әдет-ғұрпы, ата дәстүрі болады.Сонымен жалпы барлық қазақ отбасына ортақ дәстүрлер де бар.Оларды атап өтсек мыналар: жасы кішілер үлкендердің атын атамай, ата,әже,аға,әке,көке деп сыпайы қарым-қатынас жасауы, сондай-ақ жасы кішілер үлкендердің, әсіресе қариялардың алдын кесіп өтпеуі, отбасы мүшелерінің бірін-бірі ренжітпеуі, үлкеннің тілін кішінің алуы, ал үлкендердің кішілерге қамқоршы, ақылшы болуы, еңбекті үй-ішінде жұмыла істеп, әрқаәсысының өз шамасына қарай іс атқаруы. «Ұлдың ұяты әкеге, қыздың ұяты шешеге» - деп қараған халқымыздың ұл баланы тәрбиелеуді аталар мен әкелер өз қолына алса, ал қыз баланы тәрбиелеу әжелер мен аналардың ісі болып саналған.

Балаға ата-тегін үйрету. Балаға 7–9 жасында әкесінен бастап ағайын-туысты, нағашы-жұртын, алыс-жақынды таныстыру, ата-тегін, руын, ел-жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлінген. Әрбір бала «жеті атасын» білуі тиіс болған.ер жігіттің үш жұрты бар, оның шығу тарихын, тегін білу әр азаматқа парыз деп санаған халық «Жеті атасын білген ұл жеті жұртқа жөн айтар» деген аталы сөзді арқау етіп, баласына ата-тарихын жастайынан жаттатып ел-жұрт тарихын білу – ер азаматты ерлікке, Отан сүюшілікке баулиды деп санаған. Әкесі, атасы балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қана қоймай, олардың қандай адам болғанын, елі-жұртықшін еткен ерлігі, өнегелі істері туралы айтып отырған. Сол арқылы бала ата дәстүрін жалғастырса екен деген мақсат көзделген.

Салт-дәстүр мәселесі қазіргі таңда салт дәстүр мәселесі алғашқы орындарды тіреп тұр. Қазақ халқында көптеген салт дәстүрлер мен ырымдар бар. Бірақ өкінішке орай адамдардың көбісі ырым мен салт дәстүрді шатастырады екен. Ата баба өсиеті болып келе жатқан салт дәстүрлердің өзіндік ерекшеліктері болса, ырым жырымдар арнайы тыйымдар үшін қолданылған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нүсіпоқасұлы А., Жапарұлы Ә. Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. 1-кітап. (Қазақ салт-дәстүрлері және оның ғылыми негіздері) Алматы: «Өнер»

2. ”Қазақтар” Ата-салты. 5том. Баспа редак.орталығы. - Алматы. – 1998.

3. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: Т.1 (У1 ғ-ХХ ғ басына дейінгі кезең) /Ред. Алқасы Шаяхметов Ш.Ш. т.б. / Құраст.: Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. Алматы: Рауан, 1994.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ


**Алибаева Сандыгуль Чимбаевна**

Ақтөбе қаласы, №36 қазақ орта мектебінің жаратылыстану мұғалімі


# ТЫНЫС АЛУ МҮШЕЛЕРІ

| | | |
|---|---|---|
| **Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты** | 3.2.3.1 - адамның ішкі ағзаларының орналасуын анықтау; | |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар**: Адамның ішкі ағзаларының орналасуын анықтай алады.<br>**Көптеген оқушылар**: Тыныс жолдарының ерекшелігін айта алады.<br>**Кейбір оқушылар**: Ауаның ағзадағы қозғалысын көрсете алады. | Білу және түсіну<br>Қолдану<br>Талдау |

| **Сабақтың кезеңдері / уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>6 мин | Сәлеметсіздер ме!<br>Психологиялық ақуал қалыптастыру үшін хормен дауыстап өлең оқиды.<br>**Топқа бөліну.** Мұрын, жұтқыншақ, көмекей сөздерін таңдау ар-қылы оқушылар 3 топқа бөлінеді.<br>**«learningapps» платформасын қолдану арқылы өткенді бекіту.**<br>**«Жылдам жауап» әдісі**<br>https://learningapps.org/watch?v=p6bn87uua23<br>1. Асқорыту жолы дегеніміз не?<br>2 Асқорыту жүйесінің ең жақсы көмекшісі не?<br>3. Адам энергияны қайдан алады?<br>4. Асқорыту жүйесі қалай құрылған?<br>5.Ас қоймалжың ботқаға айналып, қорытылатын қуыс қалташаны ата<br>6.Ас сілейкеймен араласып, майдаланатын қуысты ата | Мынау менің – жүрегім,<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау басым- ақылды,<br>Бәрін осы басқарған.<br>Мынау менің - оң қолым,<br>Мынау менің - сол қолым<br>Барлық істі атқарған!<br>1.Асқорыту жолы-астың қоректік зат пен энергия тарата отырып, ағза арқылы жүріп өтетін жолы<br>2. Ғалымдар суды асқорыту жүйесінің ең жақсы көмекшісі деп есептейді. Су ағзадағы зиянды заттардың шығуына көмектеседі<br>3.Адам энергияны ішер астан алады<br>4. Асқорыту жүйесі ауыз қуысы, өңеш, асқазан, тоқ ішек, ашішектерден құралған<br>5.Ас қоймалжың ботқаға айналып, қорытылатын қуыс асқазан<br>6.Ас сілейкеймен араласып, майдаланатын қуысты ауыз қуысы деп атайды | Мадақтау сөздері.<br><br>***Дескрип-тор:***<br>1.Сұрақтар-ға жауап береді;<br>2.Өз ойларын айтады.<br>2 балл<br>Тамаша!<br> | И/б тақта<br>Қима қағаздар<br>Слайд<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақ тың ортасы 28мин | Интербелсенді тақтадағы жұмбақты шешу арқылы сиқырлы қобдишада жасырылған ненің суреті екенін табу<br>Қос үңгір желдетіп,<br>Ауа жұтар селдетіп.<br>Суретке назар аударып, тақырыпты ашу, оқу мақсатын хабарлау.<br>-Ауасыз адам қанша уақыт шыдай алады?<br>-Қане, бәріміз аузымызды жауып, мұрнымызды қысып тұрып демалып көрейікші. (Уақытты белгілеу)<br>-Не байқадыңдар?<br>-Адам тыныс алу үшін не қажет?<br>-Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Тыныс алу мүшелері» деп аталады. Бүгінгі сабағымызда адамның ішкі ағзаларының орналасуын анықтайтын боласыздар<br>**Бейнежазбаға назар аударайық.**<br>https://youtu.be/jYGQOcCA2JM<br>**Мұғалімнің түсіндірмесі**<br>Ауа жұтқыншақ арқылы көмейге түседі. Одан әрі кеңірдекке өтіп,тағы да тазарады әрі ылғалданады. Кеңірдек екі ауатамырға бөлінеді. Олар өкпеге жалғасады. Өкпе тыныс алу жүйесінің басты мүшесі болып табылады Ол көптеген кішкентай ауа көпіршіктерінен құралады.Өкпеде газалмасу үдерісі жүреді.Қан оттекті сіңіріп, көмірқышқыл газды шығарады. Ағзамызға оттек қажет болғандықтан, біз үнемі тыныс аламыз.<br>Оқулықпен жұмыс<br>Оқушылар, 59-беттегі оқулықта берілген мәліметтерді оқиық.<br>**Жеке жұмыс**<br>«**Анатомиялық диктант**» орындайды | (Мұрын)<br><br>Бейнежазбаны тамашалайды.<br><br>Оқулықта берілген мәтінді оқиды.<br><br>Тыңдайды.<br><br>Гүлге қонып тұрған көбелекті ұшыру арқылы тыныс алу жолына жаттығу жасайды<br><br>Берілген тапсырманы орындайды<br><br>Мадақтау сөздері. | <br>**Смайлик арқылы**<br><br>1 балл Мадақтау сөздері Керемет!<br>***Дескриптор:***<br>1.Көмекші сөздерді пайдаланып дұрыс орналастырып жазады.<br>2 балл Жарайсыздар!<br><br>***Дескриптор:***<br>1.Тыныс алу мүшелерінің суреттерін, олардың қызметінің сипаттамасымен сәйкестендіреді<br>2 балл<br>**Смайлик арқылы**<br><br>***Дескриптор:***<br>-Модель жасайды;<br>-Тыныс алу жүйе- | <br>и/б тақта, суреттер<br><br>и/б тақта, суреттер<br><br>и/б тақта Суреттер<br><br>Карточкалар таратылып беріледі. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Тыныс алу жаттығуларын орындайды және оның пайдасы туралы айтылады.**<br>Гүлге қонған көбелекті ұшыру қажет<br><br>**Жұптық жұмыс**<br>Тыныс алу мүшелерінің суреттерін олардың қызметінің сипаттамасымен сәйкестендір.<br><br>Тыныс алу мүшелерінің қызметі<br>Тыныс алу мүшелерінің суреттерін олардың қызметінің сипаттамасымен сәйкестендір.<br>1. Өкпе — б<br>2. Ауатамырлар — в<br>3. Кеңірдек — а<br>4. Мұрын — ә<br>а. Бірнеше тармақтарға тарамдалған, ауаны өкпеге өткізетін түтік.<br>ә. Ауаны жылытып, ылғалдандыратын мүше.<br>б. Ауадағы оттекті қанға сіңіретін мүше.<br>в. Тыныс алғанда және тыныс шығарғанда ауа өткізетін мүше.<br>**«Шар үрлеу»** әдісі арқы шардан жасалған өкпенің макетін пайдалана отырып, терең демалып өкпеге қанша ауа сиятының байқап көру<br><br>**Топтық жұмыс**<br>1-топ «**Мұрын**» тобы<br>2-топ «**Жұтқыншақ**» тобы<br>3-топ «Көмекей» тобы<br>Барлық топқа тапсырма беріледі.<br>1-топ «Модель жаса» тапсырмасын орындайды.<br>2-топ Филвордта жасырылған сөздерді табу тапсырмасын орындайды<br>3-топ Тыныс алу мүшелерін орналастыру, атауын жазу<br><br><br>37-жұмыс парағы. **Тыныс алу құпиялары**<br>**Терминдер**<br>Филвордта жасырылған сөздерді тап. Оларды түрлі түсті қарындаштармен боя.<br>*Көмекші сөздер:* оттек, ауа, ауатамыр, мұрын, кеңірдек, өкпе, дем алу, дем шығару.<br>**Сергіту сәті** | <br><br>Шарды үру арқылы өкпеге қанша ауа сиятының байқап көреді<br>Оқушылар топтық тапсырманы орындайды.<br>Молельді құрастырады.<br>Тыныс алу жүйесінің неден тұратының айтады және орналастырады.<br>Тыныс алу жүйесінің қызметінің ерекшелігін түсіндіреді.<br>Филвордта жасырылған сөздерді табу,<br>Оларды түрлі-түсті қарандаштармен бояу.<br>Оқушылар сергіту сәтін орындайды | сінің неден тұратының айтады және орналастырады;<br>-Тыныс алу жүйесінің қызметінің ерекшелігін түсіндіреді.<br>3 балл<br>***Дескриптор:***<br>-Филвордта жасырылған сөздерді табу;<br>-Оларды түрлі-түсті қарандаштармен бояу;<br>3 балл<br>***Дескриптор:***<br>- Тыныс алу мүшелерін орналастыру<br>-Тыныс алу мүшелерін жазу;<br>3 балл<br>Жарайсыздар! | и/б тақта<br>Қима қағаздар<br>Барлық оқушыға шар таратылып беріледі<br>Қима қағаздар, суреттер<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Нейро» жаттығуын орындайды -Ал, енді сергіп алсақ тапсырмалар орындауға кірісейік | | | |
| Сабақтың соңы 7 мин | Бекіту. «**learningapps**» әдісі https://learningapps.org/watch?v=p9byhche523<br>1. Тыныс алу мүшелеріне мұрын, кеңірдек, ауатамырлары мен өкпе жатады<br>2.Ағзамызға оттегі қажет емес<br>3.Тыныс алуға қатысатын мүшелер тыныс алу жүйесі деп аталады<br>4.Оң жақ өкпе сол жақ өкпеге қарағанда сәл үлкендеу болады<br>5.Қан газды сіңіріп,оттекті шығарады.<br>**Кері байланыс**<br>«Тик ток » әдісі арқылы<br>Үйге тапсырма:сол жақ өкпе мен оң жақ өкпе туралы ақпарат іздеп жазу. | Берілген сұрақтарға иә немесе жоқ деп жауап береді.<br>(Иә)<br>(Жоқ)<br>(Иә)<br>(Иә)<br><br>(Жоқ)<br>Сабақ ұнаса лайк басады,сабақ ұнамаса немесе түсінбеген жерлері болса пікір жазады | Мадақтау сөздері<br> | и/б тақта<br><br> |




| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 6.1.4.1- көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;<br>6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау; |
| **Сабақтың мақсаты** | Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқып, жатқа айтады. Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасай алады. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Білім алушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басталуы<br><br>5 минут | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу.<br>1.Психологиялық ахуал қалыптастыру | **Психологиялық ахуал**<br><br>**«Әдемі ойлай және демала біл»** | Оқушылар-дың психологиялық ахуалы қалыптасады. | Оқулық 6-сынып Алматы «Атамұра» баспасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы 5 минут | **«Әдемі ойлай және демала біл» жаттығуы**<br>**Топқа бөлу**<br>Абай өлеңінен берілген тармақтарды ретімен құрастыру арқылы топқа бөлу<br>**1-топ: «Ғылым» тобы**<br>Ғылым таппай мақтанба,<br>Орын таппай баптанба,<br>Құмарланып шаттанба,<br>Ойнап босқа күлуге.<br>**2-топ: «Ғалым» тобы**<br>Болмасаң да ұқсап бақ,<br>Бір ғалымды көрсеңіз.<br>Ондай болмақ қайда деп,<br>Айтпа ғылым сүйсеңіз.<br>**3-топ: «Асыл» тобы**<br>Талап, еңбек, терең ой,<br>Қанағат, рақым, ойлап қой –<br>Бес асыл іс, көнсеңіз.<br>**Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыру**<br>**Ойтүрткі**<br>1.Ақынның өлеңі кімге арналған деп ойлайсың? Өлеңде қандай мәселе көтерілген?<br>2. Ғылымды қайдан табамыз? Қайтсек ғалым боламыз?<br>3.Абай айтқан бес асыл істің ішіндегі қандай қасиеттер бүгінгі күні қазақ халқының бойынан көбірек көрінеді? | **жаттығуы-**<br>Жүргізуші:<br>«Толқыған кезде, асықпай дем алуға үйрен. Түзу отыр, қолдарыңды тізелеріңе салып, көздеріңді жұмыңдар, терең дем алыңдар:<br>- Ойша: «Мен арыстанмын»,- деп деміңді ішке ал, сыртқа шығар;<br>- Дауыстап: «Мен құспын»,- деп деміңді ішке ал, сыртқа шығар;<br>- Дауыстап: «Мен гүлмін»,- деп деміңді ішке ал, сыртқа шығар;<br>- Дауыстап: «Мен сабырлымын»,- деп деміңді шығар. Сен сабырлысың, сенің қолыңнан бәрі келеді».<br><br>Абай өлеңінің әрбір тармақтарын ретімен құрастыру арқылы топқа бөлінеді | Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады<br>*Жарайсың!*<br>*Керемет шешім!*<br>*Ойлы шешім!*<br>*Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!* | 2018жыл |
| 12 минут | **Топтық жұмыс**<br>**1-тапсырма**<br>**1-топ «Ғылым» тобы**<br>Топта сұрақты талқылаңдар. Өз ойыңызды жеткізуде берілген үзіндіні қолданыңдар (жатқа айт).<br>Сұрақ:<br>Абай атаған бес асыл іс: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым – осы қасиеттер адамға не үшін қажет? Өз ойларыңды дәлелдеңдер.<br>*Қанағат, рақым ойлап қой –*<br>*Өсек, өтірік, мақтаншақ,*<br>*Еріншек, бекер мал шашпақ –*<br>*Бес дұшпаның, білсеңіз.*<br>*Талап, еңбек, терең ой,*<br>*Қанағат, рақым, ойлап қой –*<br>*Бес асыл іс, көнсеңіз.*<br>*Жамандық көрсең нәфрәтлі,* | Өткен тақырыпты пысықтау мақсатында сұрақтарға жауап береді.<br><br>Топта сұрақты талқылайды. Өз ойын жеткізуде берілген үзіндіні қолданады. | **Дескриптор**<br>**Білім алушы**<br>*-сұраққа жауап береді,*<br>*-үзіндіні қолданады,*<br>*-өз ойын дәлелдейді.* | Оқулық 6-сынып Алматы «Атамұра» баспасы 2018жыл<br><br>Қалыптастырушы бағалауға арналған<br><br>тапсырмалар жинағы 6-сынып |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 минут | *Суытып көңіл тыйсаңыз.*<br>*Жақсылық көрсең ғибрәтлі,*<br>*Оны ойға жисаңыз.*<br>**2-топ: «Ғалым» тобы**<br>Абай аталарыңның ойын сендер қалай жалғастырар едіңдер? Сендер үшін «Бес асыл іс пен бес дұшпанға» нелер жатады деп ойлайсыңдар?<br>Менің ойым<br>Бес асыл іс / Бес дұшпан<br>1. / 2. / 3. / 4. / 5<br>**3-топ: «Асыл» тобы**<br>Өсек пен өтірікті кім айтады? Еріншек пен мақтаншақ деп кімдерді айтады? Өсек пен өтірікті кім айтады? Еріншек пен мақтаншақ деп кімдерді айтады? Бұл қасиеттердің зияны қандай? Өз көзқарастарыңды дәлелде.<br>**Жұптық жұмыс**<br>Әріп Тәңірбергенұлының «Ғылым туралы» өлеңінен алынған үзіндіні Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен салыстыр. Қандай ортақ ой байқадыңдар?<br>*Теңіздің тереңінде садып пен дүр,*<br>*Тілімді ал, қанағат қыл, әдеппен жүр.*<br>*Ғылым - дана, өмірде қор болмайсың,*<br>*Жаманмен жолдас болма, жақсымен жүр.*<br>*Кісінің, менше, балам, хақын жеме,*<br>*Түбінде жарамайды жегіш неме.*<br>*Тірі күнде құтылдым қарызымнан,*<br>*Артымнан «әкем айтпай кетті» деме!*<br>*Абай* -Ғылым туралы не дейді?<br>-Кімге арнаған?<br>-Нені үгіттейді?<br>*Әріп* -Ғылым туралы не дейді?<br>-Кімге арнаған?<br>-Нені ең жаман қасиет дейді<br>**Жеке жұмыс** | Абай аталарының ойын жалғастырып, өз ойларынша «Бес асыл іс пен бес дұшпанға» нелер жататынын айтады.<br>Жұптық жұмыста оқушылар Әріп Тәңірбергенұлының «Ғылым туралы» өлеңінен алынған үзіндіні Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен салыстырады. Қандай ортақ ой байқағандарын айтады.<br>Жеке жұмыста | **Дескриптор**<br>**Білім алушы**<br>*-сұраққа жауап береді,*<br>*-бес асыл іске өз ойларын жалғастырады,*<br>*-бес дұшпанға өз ойларын жалғастырады.*<br>**Дескриптор**<br>**Білім алушы**<br>*-сұрақтарға жауап береді*<br>*-аталған қасиеттердің зиянды жағын сипаттайды, өз көзқарастарын дәлелдеді.*<br>***Жұптық жұмыс***<br>**Дескриптор**<br>**Білім алушы**<br>*-екі шығарманы салыстырады*<br>*-сұрақтарға жауап береді,*<br>*-ортақ ойды анықтайды.*<br>**Жеке жұмыс**<br>**Дескриптор**<br>**Білім алушы** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 минут<br><br>Сабақтың аяқталуы 5 минут | «Блумның кубигі» әдісі бойынша тапсырмалар беру.<br>**АТА** Ғалым деген кім? Ғылым деген не?<br>**ТҮСІНДІР** Өлеңнің не туралы екенін түсіндір.<br>**ОЙЛАН** «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» Ғалым болу қолыңнан келе ме?<br>**НЕЛІКТЕН?** Абай неліктен:<br>*Біреу үшін үйренсең,*<br>*Біреу білмес, сен білсең,*<br>*Білгеніңнің бәрі – тұл, – дейді?*<br>**НЕГЕ?** Неге ғылымсыз адамның күні жоқ?<br>**ҰСЫН** Өлеңді мәнермен жатқа айт.<br>***Сабақты қорытындылау***<br>*Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым* ұғымдарына байланысты мақал-мәтелдерді жазып шығындар.<br>Кім көп біледі?<br>**Жазбаша кері байланыс**<br>«5-5-1» әдісі<br>Оқушылар сабақ кезінде нені меңгергендері жайлы 5 сөйлем жазады. Одан кейін сол 5 сөйлемді 5 сөзге дейін қысқартады. Соңында 5 сөзді 1 сөзге қысқартады. Оқушылар өздерінің түйінді сөзін бүкіл сыныппен бөліседі. | «Блумның кубигі» әдісі бойынша 6 тапсырманы орындайды. Мәнермен өлеңді жатқа айтады.<br><br>*Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым* ұғымдарына байланысты мақал-мәтелдерді жазып шығады.<br><br>«5-5-1» әдісі арқылы жазбаша кері байланыс жасайды. | *-ғылым мен ғалым сөздеріне анықтама береді;*<br>*-өлеңнің не туралы екенін түсіндіреді;*<br>*- шығарма үзіндісін қолдана отырып, ғалым болуға деген ниетін жеткізеді.*<br>*- ғылымның адамға пайдасын дәлелмен сипаттайды;*<br>*-жырды жатқа айтады*<br>*Смайлик арқылы бағалау*<br> | |




Формирование творческого мышления – это один из основных принципов обучения.

Мышление – это по своей сути познание, приводящее к решению встающих перед человеком проблем или задач. Активное усвоение знаний и развитие мышления происходят только тогда, когда в ходе учебного процесса ставится задача, возникает проблема, побуждающая к поиску новых нестандартных решений.

Одна из основных проблем современного образования – низкая творческая инициатива учащихся. Часто школьники проявляют неспособность к решению задач, не имеющих стандартных алгоритмов решения.

Традиционно, говоря о нестандартных задачах по информатике, подразумеваются задачи, решаемые средствами языков программирования. Программирование – благодатная среда для развития индивидуальных творческих способностей каждого ученика, так как здесь легко можно найти задачу, решаемую многими способами, например из физики, математики и других предметов.

Работая с учениками, которые изучают информатику первый год перед учителем стоит проблема: дать базовые знания и на их основе научить учащихся самостоятельно исследовать возможности современных прикладных программ для решения поставленных задач в конкретной предметной области, применяя при этом различные способы решения и выбирая из них наиболее оптимальный.

При таком подходе, во время подготовки к урокам, особенно при выборе задач, важно чётко оценить знания умения и возможности класса.

Например, в курсе информатики 3 класса изучаем простейший графический редактор Paint.

Тема: «Сборка рисунка из деталей».

Цель: Научиться собирать рисунок из отдельных деталей.

К этому времени ребята знакомы с составом окна графический редактор Paint, умеют работать с панелью инструментов и Палитрой, Буфером обмена, умеют выделять фрагменты рисунка и переносить их

Ставится задача: имея набор заготовок для составления рисунка «Божья коровка», собрать максимально приближенный рисунок к образцу.

Набор элементов: ус, пятно, голова, тело.

Вместе с ребятами проводится анализ задачи и выявляются недостающие элементы:

1. Ус, но повёрнутый в другую сторону,
2. Необходимое количество пятен,
3. Тело не наложено на голову.

Вопрос: как получить необходимое количество пятен?

Ответ: Копированием, через буфер обмена.

Показываю как это делается сама или предлагаю сделать ученику. НО! При наложении, после выделения пятна, цвет фона закрывает цвет тела.

Вопрос: Как удалить недостаток?

Стандартный ответ: Закрасить кисточкой.

Но такой способ не позволит выполнить рисунок аккуратно, так как при рисовании кисточкой могут возникнуть неровности.

Ставится проблема №1: Как при наложении деталей рисунка сделать фон прозрачным.

Далее рассматриваем ус: нужен аналогичный, но повёрнутыё в другую сторону.

Ставится проблема №2: Как получить ус, но повернутый в другую сторону?

Далее начинается практическая работа, задача которой является: найти способ решения поставленных проблем исследуя пункты строки Меню.

В процессе работы учащиеся должны найти:

1. Пункт меню Рисунок - Непрозрачный фон и снять флажок, сделав его прозрачным;
2. Пункт меню Рисунок – Отразить / Повернуть, установить флажок Отразить слева направо.

Пример решения таких задач на практике учит ребят самостоятельно, без боязни допуска ошибок, исследовать возможности новых прикладных программ, без особой помощи учителя. А, как было сказано в начале, если есть проблема и желание решить её, то возникает стремление к поиску решений, т. е. к творчеству.

Детей очень легко научить чему-либо, достаточно только их заинтересовать. Развивая креативное мышление, любой учитель одновременно решает сразу несколько задач.

Во-первых, он формирует у ребенка нетривиальное мышление, лишенное стереотипов, что помогает в решении разных проблем.

Во-вторых, развивая креативность, учитель делает ум ребенка подвижным и гибким.

В-третьих, параллельно с мыслительными способностями развиваются фантазия и усидчивость. Ведь не секрет, что если дети увлеклись какой-то задачей, они способны заниматься ее решением в течение долгого времени.

В качестве заключения, хочу привести следующее высказывание: «Развитие творческого мышления – это не самоцель, а лишь средство, инструмент воспитания гармонично развитой личности. Невозможно человека заставить творить». А как говорил фантаст Азимов: «Человек сам должен прийти к желанию искать, пробовать и ошибаться».

Литература:

1. Алимов А.Т., Савриева И.Б. Развитие самостоятельного и творческого мышления у учащихся в процессе обучения. Молодой ученый. 2019. №1. С. 468 - 470.

2. Ефремов В.И. Творческое воспитание и образование детей на базе ТРИЗ. - Пенза: Уникон-ТРИЗ, 2018. – 347 с.

3. Шамшина Н.В. Активизация познавательной деятельности учащихся на уроках информатики путем решения занимательных задач в Excel // Современные тенденции физико-математического образования: школа - вуз: материалы Международной научно-практической конференции, 17-18 апреля 2021 года: в 2 ч. Ч. 1. Соликамск: СГПИ, 2015. - С. 36-40.

**Байниязова Гулдана Женисовна**


Ақтөбе қаласы №36 қазақ орта мектебі КММ бастауыш сынып мұғалімі

# СПОРТ - ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

| | |
|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.1.4.2 спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің бойындағы қабілеттерін анықтау |
| Сабақтың мақсаты | Спорт түрлерімен танысады, спорттың денсаулыққа қандай пайдасы бар екенін біледі. |

Сабақтың барысы

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.**<br>-Біз қандаймыз, қандаймыз?<br>-Шұғылалы таңдаймыз!<br>-Бір-бірімізді...?<br>-Қолдаймыз!<br>-Пікіріміз...?<br>-Құнды!<br>-Қателесуден ...?<br>-Қорықпаймыз!<br>**Топқа бөлу.** | Қолдарын еріндерінің шетіне жақындатады, қолдарын жүректерінің тұсына қояды, қолдарын алға созады,саусақ | Әр тапсырманы орындаған балаға жұлдызша беріледі.<br><br>Оқу тапсырмасын орындаған оқушыны | Слайд  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Спорттық ойындардың аты жазылған кеспе қағаздар арқылы топтарға бөлу.<br>1-топ: «Баскетбол»<br>2-топ: «Волейбол»<br>3-топ: «Теннис»<br>4-топ: «Футбол»<br>**«Лото»** ойыны арқылы өткен материалдарды еске түсіру, тақырып бойынша бастапқы білімін анықтау.<br>12 сұраққа жауап береді.<br>-Шежіре дегеніміз не?<br>-Шежіреші деген кім?<br>-Туысқандыққа байланысты анықтайтын атауларды ата ?<br>-Жеті атаңды ата ?<br>-Туыс деген ұғымды қалай түсінесің ?<br>- Отбасы мүшелері өзара қандай қарым-қатынаста болғаны жөн?<br>-Біздің қазақ халқы қандай халық?<br>- Отбасы мүшелері аман-сау, ұзақ ғұмыр кешу үшін не істеуі керек? - Спортпен айналысу керек.<br>Лото ойынының артында суреттер жасырынған екен.<br>Осы суреттегі сөздердің алғашқы әріптерінен қандай сөз шығады?<br>-СПОРТ | тары күн сияқты, қолдарын екі жаққа созады.<br><br>Доптың суреттерін таңдайды, ойынның атаулары бойынша топқа бөлінеді.<br><br>Оқушы лото бөшкесін таңдайды, сұраққа жауап береді.<br><br>Тақырып атауын табады. | «Ауызша мадақтау» әдісімен бағалау.<br><br>Жауабын толықтыру, тиімді кері байланыс жасау. | <br><br>**С-сағат**<br>**П-піл**<br>**О-от**<br>**Р-радио**<br>**Т-тарақ** |
| Сабақтың ортасы | Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Спорт-денсаулық кепілі»<br>**Сөздік жұмысы**<br>Спорт-спорт-sport<br>Спорттық сайыс-спортивные соревнования - sport competitions<br>**Жеке жұмыс**<br>Кеспе қағаздағы құрал-жабдықтың суретін спорттың қай түріне жататынын анықта. Арасын сызықпен қос.<br><br>В. Суреттегі құрал-жабдықты спорттың қай түріне жататынын анықта. Құрал-жабдық пен спортшылардың арасын бағыттауыш сызықпен қос:<br>Хоккейші Боксшы Штангашы Теннисші Футболшы<br>**Жұптық жұмыс**<br>«Суретпен жұмыс» тапсырмасы<br>Қысқы және жазғы спорт түрін анықта.<br>Қысқы спорт түрін- көк түспен, ал жазғы спорт түрін- қызыл түспен белгіле.<br> | Сөздікті жазып алады.<br>Суреттегі құрал-жабдықты спорттың қай түріне жататынын анықтайды.<br>Арасын сызықпен қосады.<br>-<br>Қысқы және жазғы спорт түрін анықтайды.<br>Қысқы спорт түрін- көк түспен, ал жазғы спорт түрін- қызыл | **Дескриптор:**<br>Сөздікті жаттап алады-1балл.<br>Жұлдызша беру арқылы бағалау.<br>Жұлдызша беру арқылы бағалау.<br>Жауабын толықтыру, тиімді кері байланыс жасау.<br>Жұлдызша беру арқылы бағалау.<br>- Жауабын толықтыру, тиімді кері байланыс жасау. | Оқулық<br><br>Кеспе қағаздар<br><br>Кеспе қағаздар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Бейнежазба** «Біздің мектептің спортшылары»<br>Сергіту сәті<br>-Музыка қосылып тұрады, балалар допты бір-біріне береді. Музыка тоқтаған кездегі допты ұстап қалған тақтадағы бір суретті таңдайды.<br>«Пантомима» Ымммен немесе қозғалыспен қандайда бір спорт түрін бейнеле.<br>Қалған оқушылар жауабын тап.<br>**Арқан тартысу, гантель көтеру, секіру, волейбол ойнау.**<br>**Топтық жұмыс**<br>«Пазл құрастыру»<br>4 топқа 4 суреттің қиындыларын беру.<br>Сурет бойынша сөйлету.<br>Суретті сипаттап беріңдер.<br>1.Суда жүзу.<br>2.Хоккей.<br>3.Арқан тартыс.<br>4.Футбол.<br>-Осы суреттер бойынша не айта аласыңдар?<br>Адамдар айналысуға болатын спорттың 200-ден астам түрі бар. Олар әртүрлі топқа бөлінеді. Мысалы, жарыстардың өту мерзіміне сәйкес жазғы және қысқы спорт түрлері бар.<br>-Қандай Қазақстандық спортшыларды білесіңдер?<br>Қазақстан спортшылары Қазақстан тәуелсіздігін алғалы 6 жазғы және 6 қысқы Олимпиада ойындарына қатысты. Соның нәтижесінде еліміз Илья Ильин, Александр Винокуров, Бекзат Саттарханов, Майя Манеза, Ольга Рыпакова сияқты спортшыларымызды білді. Ермахан Ыбрайымов - Олимпиада чемпионы, Атланта Олимпиадасының қола жүлдегері, боксшы. Бекзат Саттарханов - Олимпиада чемпионы, 57 келіге дейінгі салмақта өнер көрсетті.Илья Ильин - олимпиада чемпионы. Ауыр атлетші.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Сен білесің бе?<br>Әр 4 жылда бір рет олимпиадалық ойындар өткізіледі. Дүниежүзінің спортшылары кім күшті, кім төзімді екенін анықтау | түспен белгілейді.<br><br>Бейнежазба қарайды.<br><br>Сергіту сәтін орындайды.<br><br><br><br>Сәйкес қимылдар жасап, дауыстап хормен айтады.<br>Сұрақтарға жауап беріп, қорытынды жасайды.<br><br>- Суретті сипаттайды.<br>- Спорт түрлерін атайды, салыстырады.<br><br>Спорт түрлері туралы оқулықтағы мәтінді оқиды, тыңдайды.<br><br><br>Дәптерлеріне ақпаратты көшіріп жазады. | Адамдардың спортпен айналысуының себебін атайды-2балл.<br>- Қысқы спорт түрлерін атайды-1балл.<br>- Қысқы, жазғы спорт түрлерін салыстырады-1балл.<br>**Дескриптор:**<br>Өзі айналысатын спорт түрін таңдау себебін атайды-1балл.<br>Спортқа келу мақсатын атайды-1балл.<br>Айжан мен Асқардың берген жауабын талдап, қорытынды жасайды-1балл.<br>-Жерлес, туыс спортшыларды, жетістіктерін атайды-2балл.<br>Жұлдызша беру арқылы бағалау.<br>Жауабын толықтыру, тиімді кері байланыс жасау. | Бейнежазба<br><br>Интербелсенді тақта<br><br>доп<br>Интербелсенді тақта<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Пазл бөліктеріне бөлінген спорттық суреттер<br><br><br><br><br><br><br>Оқулық, дәптер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | үшін күш сынасады. Ең алғашқы олимпиадалық ойындар 3 мың жылдай бұрын Ежелгі Грекияда өткізілді. | | | |
| Сабақтың соңы | **Кері байланыс**<br>«Медаль» әдісі арқылы кері байланыс жасау.<br>**Бағалау**<br>Жұлдызшаларын санату.<br>**Үйге тапсырма:** 30-31 беттегі мәтінді түсініп оқып, мектептегі спорт жарысына қатысушы оқушылардан, мұғалімдерден сұқбат алыңдар. Ол үшін алдымен сұрақтарды жүйелеп жазып алыңдар. | Кері байланыс жасайды.<br><br>ҚБ қою.<br><br>Үй тапсырмасын жазып алады. | ҚБ қойылады. | |







Дегенмен қос ішекті бұл аспаптың пайда болу тарихын зерттеуші мамандар алты мың жыл бұрын болған деген пікір білдіреді. Бір кезде Майтөбенің тұсынан домбыраның суреті бар таңбалы тас табылғанын білеміз. Ғалымдар бұл сурет берісі 4 мың, арысы 6 мың жыл бұрын белгіленгенін дәлелдеп отыр. Арал маңында домбыра ұстаған адамның мүсіні біздің дәуірімізге дейін IV ғасырдың мұрасы болыпты. Ал Алтайдан табылған ата домбыра біздің дәуірімізге дейін VI ғасырға тиесілі. Көріп отырсыздар ма, Алтайдан Атырауға дейін бүкіл Қазақстанның даласы 4-5 мың жылдан бері осы домбыраның күмбірлеген күйін естіген. Қуанышта, өкініште бірге келе жатыр. Ол бүкіл біздің даламыздың, барлық қазақтың қаны да жаны да бір екенін дәлелдейтін нақты нәрсе. Ерте, ерте, ерте заманда, «ер етігімен су кешкен» келете, заманда, елім деп егіліп, тоғыз тарау елдің тарихын жадында сақтаған қарт жыршы болыпты. Кәрілік жеңіп, дәм таусылар сәт таянғанын сезінген ол, бүкіл ел-жұрттың, үрім-бұтағын жинап: «Уа, жарандар, қазір менің көкірегімде тоғыз тарудың шежіресі қаттаулы. Ел есінде қалар шаруаны өзіммен бірге жасасып, бірге қартайған осыш бір ескі домбырамның көмегімен үлкен-кішіге паш етіп келдім. Көз жұмар шақта білгенімді кімге қалдырам деп жүз ойланып, мың толғанып, шешімін таппадым. Ендігісін өздерің біліңдер»,- деген екен. Еліміз егемендік алып, есемізді түгендей бастаған тәуелсіздік жылдарында бекітілген төл мерекелеріміз бен атаулы күндеріміздің қайсын алып қарасақ та, әрқайсының орныққан орны, тереңге тартқан тамыры, өзіндік тарихы бар. Дегенмен, солардың ішінде қазақ халқы үшін маңызы айрықша бірегей мерекелердің бірі Домбыра күні дер едік. 2018 жылдан бастап шілде айының алғашқы жексенбісінде мерекеленіп келе жатқан «Домбыра күні» – қазақ халқының


жанындай болған киелі домбыраға берілген тарихи баға, ресми ілтипат. Дархан даланың кеңдігін шанағына сыйдырып, қос ішектен қуанышы мен қайғысын төккен қазақы қара домбыраның халқымыз үшін қадір-қасиетін, маңыз-мәртебесін айтып жатудың өзі артық. Ақиық ақын Қадыр Мырзалиев жырлағандай, «нағыз қазақ – домбыра!». Осыдан бес жыл бұрын тұңғыш рет елорда төрінде аталып өткен мереке аясында еліміздің түкпір-түкпірінен жиылған 2000-нан астам домбырашы бас аланда күмбірлетіп күй төккенде, жүрегі дүрсілдемеген қазақ жоқ шығар, сірә! Атырау мен Алтай арасындағы түрлі домбыра мектебінің өкілдері бас қосқан күй аламанының күмбірі жыл өткен сайын жаңғырып, ұлттық болмысымызға серпін бере түсері сөзсіз. Бүгінде осы бастама аясында еліміздің басқа да қалаларында Домбыра күні айрықша аталып өтіп, түрлі танымдық шаралар ұйымдастырылатыны көңіл қуантады. Иә, қазақ халқының кие тұтқан жәдігеріне айналып, төрден орын алған қара домбыраның үні ұлттық болмысымыздың діңгегі екені даусыз. Кешегі күй атасы Құрманғазыдан бастап, Дәулеткерей, Қазанғап, Тәттімбеттей тума таланттар көңілдің сөзін күймен жеткізсе, аузымен құс тістеген дүлдүл ақындар да, атақты жыраулар да, сал-серілер де қос ішектен қолдау тауып, өшпес өнерін мұраға қалдырған. Жалпы алғанда, дәл осы домбыра аспабымен қазақ халқының тарихы мен тағдыры тығыз байланысты. Қазақтың қай күйін алып қарасақ та, қай әнін тыңдамасақ та, көне тарихтың ізіне тап боламыз. Мысалы, қазіргі кезде күйшілер арасында кеңінен мәлім «Шыңырау», «Аққу», «Кеңес», «Сары өзен», «Шұбар ат», «Ертіс толқындары», «Мұңлы қыз», «Тепең көк», «Ақсақ қаз», «Бозінген», «Желмая», «Құланның тарпуы», «Көкейкесті» сынды әуендер мен күйлер бізге сонау бағзы замандардан қойнауынан бабалар аманатындай болып жеткенін зерттеушілеріміз аз айтып жүрген жоқ. **Қазақтың жаны, қазақтың домбырасы!**





| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** (оқу бағдарламасына сілтеме) | 6.1.5.1 - бірқатар дене жаттығуларының тактикаларын, стратегияларын және композициялық идеяларын түсіну және қолдана білу |
| **Сабақтың мақсаты** | **Оқушылар үйренеді:**<br>Өздігінше тепе-теңдік жаттығуларын орындау<br>**Оқушылардың көбі үйренеді:**<br>Барлық элементтерді кезегімен орындау<br>**Кейбір оқушылар үйренеді:**<br>Тепе-теңдікке арналған қиын жаттығуларды кезегімен орындау |
| **Бағалау критерийі** | 1. Қауіпсіздік ережесін сақтау.<br>2. Гимнастикалық талаптарға сай тепе-теңдік жаттығуларды орындау . |

| **Сабақтың кезеңі/ уақыты** | **Мұғалімнің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Басы** |  **«Тақырып көлеміндегі әрекеттер» Саптық жаттығуларды орындату:**<br>1. «Оңға» «солға» «кері айнала» бұрылып саппен жүру,<br>**Жүру жаттығулары:**<br>Қолды белге қойып, аяқтың ұшымен, аяқтың өкшесімен, табанның ішкі қырымен, табанның сыртқы қырымен жүру.<br>**Жүгіру жаттығулары:**<br>Екі қолды белге таяп, аяқтарын алға кезек – кезек сермеп жүгіру.<br>Оң қапталмен қолды алға айналдыру.<br>Сол қапталмен қолды артқа айналдыру.<br><br>Тізені алға көтеріп жүгіру.<br>Аяқты артқа сермей жүгіру.<br>Толық отырып секіру.<br>Толық отырып жүру.<br>Дем алуға арналған жаттығулар. Терең дем алып, қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен көтерілу, қолды жанына түсіріп, демді сыртқа шығару. Бір қатардан 3 немесе 4 қатарға тұрып жаттығу жасату.<br><br>**Бағалау:** Оқушылар тарапынан берілген ақпаратқа мадақтау арқылы қолдау көрсету. | Оқушы өз жұбын табады<br>Әдіс арқылы қайталау<br>Сұрақ жауап орындайды | Қол шапалақ | Тренинг жазылған парақшалар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ортасы** | Қолды тіреп секіру - биіктігі 100-110см ағаш аттан аяқ екі жаққа көлденеңінен секіру техникасын үйрену үшін келесі дайындық жаттығуларын орындайды:<br>- екі қолмен ағаш аттан ұстап тұрып, бір орында көпіршеде секіру;<br>- екі қолмен ағаш аттан ұстап тұрып, бір<br><br>орында көпіршеде секіріп, екі аяқты екі жаққа сермеу;<br>- екі қолмен ағаш аттан ұстап тұрып, бір орында көпіршеде секіріп, екі тізені ағаш аттың үстіне қою;<br>- екі қолмен ағаш аттан ұстап тұрып, бір орында көпіршеде секіріп, екі тізені ағаш аттың үстіне қойып, ағаш аттың үстіне шығып тұру;<br><br>- екі қолмен ағаш аттан ұстап тұрып, бір орында көпіршеде секіріп, екі тізені ағаш аттың үстіне қойып, ағаш аттың үстіне шығып тұру, ағаш аттан бүгіле аяқты қосып секіріп түсу;<br>- жүгіріп келіпгимнастикалық көпіршеден итерілу, екі қолды алға-жоғары көтеріп, екі қолмен итерілген кезде жамбас буынын бүгіп, иықпен қолды көтеріп, аяқты екі жаққа созып, бүгіле аяқты қосып түсу.<br>**Осы тапсырманың дескрипторлары:**<br>- Гимнастика сабағындағы қондырғы-ларда жаттығу жасау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін біледі және сақтайды;<br>- бірқатар дене жаттығуларының стратегияларын қолданады;<br>- қимыл-қозғалысорындау кезіндегі өзінің және өзгелердің біліктілік сапасынтүсінеді.<br>**Сұраңыз:** Жаттығуларды орындау кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтауымыз қажет? Комбинацияларды орындау кезінде-гі реттілікті сақтау қаншалықты маңызды? | Оқушылар спорт залды айналып жүре отырып тынысалуынқ алпынакелтіру. Қолды жоғары көтере отырып мұрынментерең дем алады да, қолды түсіргенде демді ауызбен шығарады. | Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау<br><br>ҚБ «Отшашу» | Үлкен бос кеңістік. Гимнастикалық ағаш ат, көпірше, маттар. Гимнастикалық ағаш аттан секіру техникасын үйрену интернет ресурстарына сілтеме: https://www.youtube.com/watch?v=Bs13G1_olbM |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныпты 2-4 командаға бөліп, гимнастика-<br><br>лық эстафета өткіземін. Әр команданың алдын-да екі гимнастикалық төсеніштер төселеді. Мұғалімнің белгісі бойынша бірінші ойын-шылар гимнастикалық төсенішке дейін жү-гіріп жетіп, шалқалап жату қалпынан гим-настикалық «көпіршені» көрсетеді. Одан соң гимнастикалық шығыршыққа дейін жү-гіріп жетіп қолға алады да жермен дөңгеле алып жүру арқылы конустарға дейін жетеді, кері оралу жолында шығыршықты қолына алып жүгіріп келіп орнына қояды, өзінің командасына жүгіріп келіп эстафетаны келесі ойыншыға жалғайды. Тапсырмаларды тез орындап шыға алған команда жеңіске жетеді. 2-3 рет қайталау.<br>**Осы тапсырманың дескрипторлары:**<br>- Жаттығуларды орындау кезіндегі қауіп-сіздік ережелерін біледі және сақтайды;<br>- қимыл-қозғалысорындау кезіндегі өзінің және өзгелердің біліктілік сапасынтүсінеді.<br>**Сұраңыз:** Жаттығуларды орындау кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтауымыз қажет? Тапсырманы орындау кезінде қандай тактика, стратегияларды қолдандыңыздар? | | | |
| Сабақты ңсоңы | **«Сабақты қорытындылау»**<br>**Мақсаты:** Қол жеткен нәтижелер туралы ойлану, өзіндік талдау жүргізуге дағдыландыру.<br>**Сипаттама:** Өткен тақырып туралы талқылау үшін мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекеті.<br>**Мұғалім әрекеті:** Сұрақ-жауап арқылы кері байланыс жүргізеді. Жақсы нәтижеге қол жеткізген оқушы мен капитанды атайды. Жетілдіру жаттығуларын ұсынады.<br>**Оқушының әрекеті:** Қиын болған немесе жүзеге асыра алмаған мәселелер бойынша сұрақ қояды. «Команда капитаны» рөліндегі оймен бөліседі. Мұғалім сұрағына жауап береді. Өзінің жетістігі туралы айтады. | Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдар ына байланысты кері байланыс жасайды. | | Рефлекси я парағы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Бағалау:** Мұғалім оқушыларына «Рефлексиялық нысана» парақшасын таратып береді, оқушылар өзіндік бағалау арқылы парақшаларын толтырады. | | | |

**Бисеналина Зибагуль Алмухамбетовна**

# АҒЫЛШЫН САБАҒЫНДА ҚОЛДАНАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ақтөбе облысы Ембі қаласы №4 ЖББО мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі

Бүгінгі күні тілдік пәндерді оқытуда қолданатын тәсілдер өте көп. Дегенмен де сабақтың өту бағыты мұғалімнің пәнді терең меңгергені мен практиканы соған орай ұштастыра білгеніне тікелей байланысты болады. Баланың пәнге деген қызығушылығын аттыру үшін мұғалім көп ізденеді.

Ағылшын тілі – әлем халықтары байланысқа түсетін ғылым мен білімнің тілі, көптеген адамдардың лексиконы осы тілдің негізінде құрылған. Ағылшын тілін білу өте жақсы мүмкіндіктер сыйлайды, жаңа ортада болумен қатар жаңа білімді игеру мүмкіндігіне жол ашады. Ағылшын тілін білу оқушы бойындағы ***hard skills-mi*** дамытады. Қазіргі таңда ағылшын тілін білу арқылы сіз өзге бәсекелестеріңізден бір саты жоғары тұрасыз. Шетелдік сайттардан керекті ақпараттарды алуға, контент жасауға, шетелдік тұтынушылармен араласуға мүмкіндік береді.

Ағылшын тілін толық меңгеріп шығу үшін ***«Flipped learning»*** («Төңкерілген сабақ») оқыту жүйесін (тәсілін) тиімді пайдалануға болады. Ағылшын сабағындағы күрделі тақырыптарды осы әдіс арқылы терең меңгеруге болады. Ол үшін төңкерілген сабақтың ауқымында қарастырылатын тақырып оқушыларға алдын-ала дайындықпен келетін тапсырмалар ретінде үй тапсырмасы ретінде өздігімен зерттеуге беріледі. Тапсырманың екінысанда берілгені абзал.

*Біріншісі – ауызша:* «Мына параграфты (немесе материалды, не мәселені, не проблеманы, не мақаланы) оқып (немесе танысып, зерттеп, қарастырып), мына сұрақтарға жауап беріңіздер (немесе «Мына мәселердің қалай шешілетініне назар аударыңыздар», «Шешілетін үш жолын көрсетіңіздер») деген сыңайда болады.

*Екінші тапсырма – жазбаша.* Мәселен, «Осы параграф (мәселе, тақырып, сұрақ, материал, т.б.) бойынша кесте (немесе диаграмма, гистограмма, кластер, менталды карта, т.б.) құрастырып келіңіздер» деп ұсынамыз. Немесе «Осы мәселе жайында мына үш сұраққа жазбаша жауап жазып келіңіздер», не эссе жазу, жаттығу орындау, есеп шығару немесе құрастыру секілді жазу тапсырмаларын орындауды тапсырамыз.

*«Жазу – дәлел»* демекші, оқушылардың жазба тапсырмалары олардың үйге берілген тақырыпты қандай деңгейде игергендігінің айғағы болады. Олардың материалды білгендігін, түсінгендігін, талдай алатындығын, рефлексия жасай алатындығын олардың өз қолымен жазғандарынан көре де, өлшей де, бағалай да аламыз. Егер де сабақта мұғалім «Балалар, үй берілген тапсырманы орындадыңыздар ма?» деп сұрағанда, олар жамырай «Иә!» деп жауап берсе, ұстаз олардың бұл жауабын ауызша қалай тексере алады? 20-30 баладан тұратын топта үй тапсырмасын қанша оқушыдан

сұрай алар екен? Мүмкін ең жақсы жағдайда оншақты оқушылардан болар. Ал қалғандарының не білгені, олардың білімін қай бағытта және қалай дамыту керектігі назардан тыс қала ма? Ал жазу жұмысынан әр баланың тапсырманы қалай орындап, үйге ұсынылған тақырыпты қалай меңгергенін анықтауға болады. *«Жазу – дәлел»* деген осы болар. Бұған қоса мұғалім үйге оқушыларға өзінің осы тақырып бойынша оқыған шағын лекциясын да беріп жібереді. Ол үшін мұғалім камераға не ұялы телефонға 8-10 минуттық өз сабағын түсіреді. Жолай ол дәрісінің негізгі ұғымдарын тақтаға жазып немесе презентациялық слайд көрсете отырып түсіндіреді. Осыдан соң мұғалім лекциясын оқушыларға What'sApp арқылы жіберуіне болады. Оқушылар осылайша үйге берілген жаңа тақырыпты игеру барысында бірнеше ресурсты (материалдарды, мәтіндерді) қолданады, олардың ішіне, мәселен, оқулық №1, оқулық №2, мұғалімнің видеосабағы, мұғалімнің сілтеме жасаған интернет сайты, т.б.

***«Flipped learning»***-нің ағылшын тілін оқытуда қолдану кезіндегі артықшылығы – уақыттан ұту немесе уақытты тиімді пайдалана алу қабілеті. Сонымен қоса тілді өздігімен меңгере отырып, жоғарыда аталған тілдік төрт дағдысын да қалыстастыра алады. Қазіргі уақытта көптеген ұстаздар осы тәсілді қолдана отырып, тілді меңгертуде жоғары нәтижелерге жетіп жүр. Демек, бұл тәсіл арқылы сапалы білімді қамтамасыз ете аламыз деген сөз.

Ағылшын тілінде сәтті қолданылып жүрген тәсілдердің бірі — **Learn by Doing** немесе әрекет арқылы оқыту. Әрекет арқылы оқыту американдық философ Джон Дьюи түсіндірген білім беру теориясына жатады. Бұл оқуға ыңғайлы әдіс, яғни оқушылар бейімделу және үйрену үшін қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі керек. Дьюи бұл идеяны Чикаго университетінің зертханалық мектебін құру арқылы жүзеге асырды. Оның көзқарастары прогрессивті білім беру тәжірибесін құруда маңызды болды. Мысалы, оқудағы бұл «теорияны» Ричард Дюфур қабылдады және кәсіби оқыту қоғамдастығын дамытуға қолданылды. Қарапайым тілмен айтқанда күнделікті өмірде айтылым және тыңдалым дағдыларын дамыту арқылы ағылшын тілін меңгеріп шығу деген сөз. Қазақ балалары үшін әдетте ағылшын тілді орта табу қиынға түседі. Сол үшін тілді оқу барысында жергілікті *speaking club*-тарға қосылып қою да артық етпейді. Көптеген адамдар тілдік орта табу арқылы өз білімдерін жетілдіріп жүр. Бұл тәсілді де ағылшын сабақтарында қолдануға болады. Сабақ барысында барынша сол тілде сөйлесу тілдік деңгейді арттырары сөзсіз.

Ағылшын сабағындағы тілдік дағдыларынды дамытуға арналған тиімді тәсіл - **Learning with cases.** Бұл тәсілдің қазақшасы – оқиғаларға негізделген оқу. Оны кейстер арқылы оқыту деп те атап жүр. Кейстермен оқыту - бұл жан-жақты және практикалық әдіс. Оның анық және қарапайым, кезең-кезеңімен жұмыс жасауы жеке дайындықты, шағын топтардағы талқылау мен сыныптағы үлгерімді арттырады. Мысалы, айтылым дағдысын дамыту барысында берілген мәтіндегі оқиғалар жүйесін өзінің жеке басындағы оқиғалармен ұштастыра отырып, сөйлеуге негізделеді. Оқушы жеке бір кейсті ала отырып, талдайды. Сосын топтық талдауға түседі, одан кейін бүкіл группаммен талқылайды. Бұл тәсілдің артықшылығы оқушы өзінің топ алдында жұмыс жасау қабілетін шыңдайды, топпен жұмыс жасауға беймделеді, уақытқа бағынады. Берілген дедлайн ішінде тапсырмаларды орындап шығуға дағдыланады. Осы қабілеттерді меңгеру арқылы тек тілдік қарымы дамып қана қоймайды, ортамен жұмыс жасау қасиеті артады.

Ағылшын тілін оқытуда Мел Зильберман ұсынған әрекеттің алты түрі көп көмектеседі. Олар: ***тыңдау, көру, сұрау, талқылау, жасау, үйрету.*** Осы алты әрекет қандай пәнді үйрену кезінде де көмекке келеді. Орындалуы қарапайым болғанымен, білім алушылар әдетте кейбір әрекеттерді жасауды ынта білдіре бермейді. Соның салдарынан тапсырма дұрыс емес орындалуы әбден мүмкін.

Қазіргі заман талабына сай тілді оқыту үшін ***подкаст, комикс*** тәсілдерін де тиімді пайдалануға болады. Берілген тақырып аясында подкаст, комикс дайындау арқылы жаңа технологияларды пайдаланады, түрлі ресурстармен жұмыс жасайды.

Қорыта келгенде, ағылшын сабақтарында тілдік дағдыларды дамыту үшін түрлі оқыту жүйелері мен әдіс-тәсілдерді ашып қолдануға болады. Тек баланың жасы мен тақырыптың ерекшеліктері басты назарда болғаны жөн. Оқушының жас деңгейіне байланысты олардың қызығушылықтары да әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан жоғарыда аталған әдіс-тәсілдер оқушыныі пәнді аса жоғары қызығушылықпен оқуына мүмкіндік жасайды.




**Божыбаева Айым Кенелдиковна**


Ақтөбе қаласы Мұғалжар ауданы Мұғалжар жалпы білім беретін орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары | 6.1.1.1. кең ауқымдағы арнайы спорттық қимыл-қозғалыс әрекеттерінің дәлдігін , бақылауды және икемділікті дамытуға арналған қимыл-қозғалыс дағдылын жетілдіру |
| Сабақ мақсаттары | Волейбол ойынының мазмұнын, ережелерін, ерекшеліктерін, қабылдау әдіс-тәсілдерін үйрету. Оқушылардың волейбол ережесін қаншалықты деңгейде меңгергендерін тексеру, ойын туралы түсініктерін толықтыру.Арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде қимыл-қозғалыс дағдыларын және олардың орындалу ретін түрлендіру, денсаулықты нығайту жаттығулары барысында қауіпсіздік мәселелері бойынша хабардар болу. |
| Бағалау критерийі | Арнайы спорттық техникалардың дағдылары мен реттілігін таңдайды |
| Тілдік мақсаттар | Оқушылар: ойындар олардың физикалық және спорттық дағдыларын дамытуға көмектесетіндігі туралы өз түсініктерін көрсете және сипаттай алады.<br>Пәндік лексика және терминология мыналарды қамтиды: ыршыту допты беру, лақтыру, қағып алу, допты алып жүру, қарсылық білдіру,<br>Талқылауға арналған сұрақтар:<br>- бұл ойында қандай тактиканы қолдандыңыз?<br>- допты ұстап қалу немесе доппен ілгері жүру үшін қандай тактикаларды пайдаландыңыз?<br>- бұл ойынды жақсырақ ойнау үшін, сендерге нені жетілдіру қажет-жеке немесе командалық дағдыларды ма?<br>- ойындардағы қауіпсіздік туралы неліктен хабардар болуымыз керектігін айта аласыздар ма? |
| Құндылықтарды дарыту | Ынтымақтастық: өзара жақсы қарым-қатынас орнатады, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастырады, бір-біріне көмек көрсетеді.<br>Академиялық әділдік: бір-бірін әділ бағалайды, идеялары мен ой- |

| | |
|---|---|
| | пікірлеріне құрметпен қарайды.<br>Өмір бойы оқу: алған білімін өмірмен байланыстырады, кері байланыс орнатады, білім алуға деген сүйіспеншілікті қалыптастырады.<br>Патриотизм және азаматтық борыш: Отанға деген сүйіспеншілікті, адалдықты, өз іс-әрекеттерімен дәлелдейді.<br>Өзіне және өзгеге құрмет: топтық жұмыс, жұптық жұмыс кезінде жүзеге асырады.<br>Еңбек пен шығармашылық: альтернатив ойынды ұйымдастырады, ойын барысында жеңіске талпынады. |
| Пәнаралық байланыстар | қазақ тілі, өзін-өзі тану, музыка |
| АКТ қолдану дағдылары | Ноутбук, проектор, слайд, музыка , волейбол добы, ысқырық, волейбол ойынының суреттері |
| Бастапқы білім | Ойын техникасының дағдысын дамыту.<br>Спорттық және қозғалмалы ойындар. Волейбол ойыны: Волейбол добын беру және қабылдау түрлері туралы түсінік беру 1.Сапқа түрғызу.Ойыншының алаңа тұру,орын ауысу тәртібі.Допты жоғарыдан беру, алу,төменнен беру, алу тәсілдерін түсіндіру,орындалуын көрсету.Допты әріптесіне бір-біріне беру әдістерін үйрету. Допты әріптесіне екі қолмен жоғарыдан беру әдістерін үйрету. |

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

| Сабақтың кезеңдері | Оқушының әрекеті | Педагогтің әрекеті | Оқу ресурстары |
|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>13 минут | Дайындық бөлімі: Оқушыларды қатарға тұрғызу. Сәлемдесу. Оқушылардың спорттық киімдеріне назар аудару. Сабақтың тақырыбымен және мақсатымен таныстыру. Бағалау критерийлерін анықтау. Техника қауіпсіздігін ескерту.<br>Бой жазу жаттығуларын, жүгіру жаттығуларын орындау. Сапқа түрғызу. Кезекші мәліметі, сәлемдесу.<br>Назар аудару жаттығулары «Оңға» «Солға», бұрылу «Саптық адыммен алға қадам бас!»<br>Жүру бағытында орындалатын жаттығулар:<br>1.Қол жоғары аяқтың ұшымен жүру<br>2.Қол белде, өкшемен жүру<br>3.Қол белде, аяқтың ішкі, сыртқы қырымен жүру<br>4.Қол желкеде, жартылай отырып жүру<br>5.Қол тізеде, отырып секіру<br>Жүгіру бағытында орындалатын Жаттығулар:<br>Тізені жоғары көтеріп жүгіру | Оқушылардың қатарда түзу тұруын қадағалау. Келмеген оқушылардың себебін анықтау. Оқушылардың сабақтың тақырыбы мен мақсатын мұқият тыңдауын қадағалау.<br>Бой жазу жаттығуларын ережеге сай орындалуын қадағалау. | Үлкен бос кеңістік, волейбол доптары, ысқырық, конустар, уақыт өлшегіш.<br>Үлкен бос кеңістік, волейбол доптары, ысқырық, конустар, уақыт өлшегіш, шеңберлер. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 2.Өкшені жамбасқа лақтыра жүгіру<br>3.Аяқтың басын алға сілтей жүгіру<br>4.Оң,сол жақпен қолды айналдыра жүгіру<br>5.Артпен жүгіру<br>6.Жай жүгіру<br>7.Спорттық жүріс ,жүгіріс.Тыныс жолдарын қалпына келтіру.<br>Бой жазу жаттығулары | | |
| Сабақтың Ортасы Негізгі бөлім 25 минут | Волейбол ойынының шығу тарихы видеолар көрсету<br>Тапсырмалар орындау<br>1.Допты жарға ұру<br>2.Екі топқа бөлініп, допты аяқтың ортасымен беру, допты жоғарыдан екі қолмен беру<br>3. Қарама-қарсы тұрып допты бір – біріне беру<br>4.Допты білекпен беру<br>5.Толығымен денемен жатып допты беру<br>6.Допты алып жүру<br>7. Шеңберде ойыну<br>Допты бер де – отыр». Қатысушылар 2-3 қатарға тұрады. Әр қатардың алдына капитандары 2-4м ара қашықтықта қолында добымен тұрады. Белгі берісімен капитандар допты кеуде тұсынан екі қолмен немесе (бір қолмен иық деңгейінен) Қатар алдында тұрған ойыншыға лақтырып береді. Алдында тұрған қатысушы допты ұстап, капитанға қайтарып жылдам отырады да, екінші қатысушыға допты береді, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы ойыншы допты капитанға бере салысымен капитан допты жоғары көтерісімен барлық қатысушылар орнынан жылдам тұрады. Ойынды бірінші болып аяқтаған топ жеңіске жетеді.<br><br> | Волейбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан жүгіру, жүру, секіру, лақтыру т.б. жаттығулардан тұрады. Бұл ойынды он жасар баладан бастап қай жаста болмасын ойнай береді. Сондықтан да, волейбол дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді де ағзаға пайдалысы болып табылады. Ойын барысында нақты қозғалыс нәтижесінде ең бастысы адамның кординациясы қалыптасады. Қандай жаттығу болмасын, қозғалыс барысында нақтылы орындалады. Айталық, щабуылдау кезінде допты қарсыласының алаңға дәл түсіру, болмаса допты әріптесіне дәл бере білу, допты қарсыласының алаңына алдап тастау т.б. Демек адамның барлық қабілет-қасиетін қалыптастыратын ойынның бір түрі.<br>Қатысушылардың тұрысына және допты беру барысында мұқият қарап дайын болу керек.<br>Сіз ойынның ережесін ұстандыңыз ба?<br>Допты оң және сол қолымен алып жүру керек. б) 5-6 мықты ойыншылар бөлек топқа іріктеліп, алаңның ортасында дайындалады. Сұраңыз: Сіздің тобыңызға жетістікке жету үшін қандай әлеуметтік және сыни ойлау дағдыларының көмегі тиді. | |
| | Волейбол ойынындағы допты алып жүру және беру техникасын | | |

| | | |
|---|---|---|
| | жетілдіруге арналған жаттығуларды қарама-қарсы лекке тізбектеліп орындаңыз және баламалы жаттығу түрін ұсыныңыз:<br>Дескриптор<br>- әріптесіне допты тура бағыттап, қабылдауға оңтайлы жағдай жасайды;<br>- допты алып жүреді, кедергілерден оңай өту үлгісін көрсетеді;<br>- допты аяқтың ішкі жағымен биік көтермей береді;<br>- берілген тапсырмаларды тез орындау жолдарын, жетілдіру үшін баламалы жаттығу түрін ұсынады. | |
| |  | |
| Сабақтың соңы<br>7 минут | Сабақты қорытындылау:<br>Мақсаты: Қол жеткен нәтижелер туралы ойлану, өзіндік талдау жүргізуге дағдыландыру. Тақырыпты меңгеру деңгейін анықтау.<br>Сипаттама: Оқушылар өз беттерінше сабақтың басында қойылған сұраққа жауап береді. Өткен тақырып туралы кері байланыс беру үшін мұғалім сұрақ қояды, оқушылар ауызша жауап береді.<br>Мұғалім әрекеті: Сұрақ-жауап арқылы кері байланыс жүргізеді. Сабақ басында қойылған сұрағына әр оқушыдан жауап сұрайды. Жақсы нәтижеге қол жеткізген оқушылар мен үздіктерді атайды. Жетілдіру жаттығуларын ұсынады.<br>Оқушының әрекеті: Қиын болған немесе жүзеге асыра алмаған мәселелер бойынша сұрақ қояды. Үздік нәтиже көрсету үшін өзіндік ойлармен бөліседі. Сабақ басындағы мұғалім сұрағына жауап береді.<br> | |

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



**Джукетаева Ақгүл Райымбекқызы**

Ақтөбе қаласы, Сазды орта мектебінің тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары:

# ТҰТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ТӘРБИЕ ӘДІСТЕРІНІҢ, ФОРМАЛАРЫ МЕН ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

Табиғат пен қоғам дамуы адамның еркінен тыс өмір сүретін объективтік заңдардың қатарына жатады. Бірақ адамдар ол заңдарды ашып, пайдалана білгендіктен олардың іс-әрекеті саналы, бағытталған іс — әрекетке айналады. Адамды табиғаттың құрамды бір бөлігі ретінде оны танып білу, оған тәрбие арқылы әсер ету өте күрделі педагогикалық процесс. Педагогика болса диалектиканың барлық заңдылықтарын өз бойына жинақтаған ғылым. Оқыту және тәрбие процесінің диалектикасы оның өзара байланысында, үздіксіз дамуында, жылжымалылығында және қарама – қайшылығында ашылады. Педагогикалық процестің заңдылықтарын кезінде К.Д. Ушинский өзінің “Педагогикалық антропология” деген еңбегінде ескертіп айтқан, педагогикалық қағидаларды құр жаттап алу ештеңеге қол жеткізбейді, пайда бермейді. Оның ғылыми негіздерін зерттеу керек, содан шығатын ережелерді білу керек деген. Ол психикалық құбылыстардың заңдылықтарын, оны басқарудың жолдарын зерттеуді, сол заңдарды ой елегінен өткізе отырып, жағдайларға байланысты, пайдалануға болады деген. Педагогикалық процестің заңдылықтары көрнекті педагогтардың Ю.К. Бабанскийдің, И.Я. Лернердің, И.Ф. Харламовтың еңбектерін кең көлемде баяндалған. Тәрбие – бұл педагогикалық құбылыс. Педагогикалық құбылыстар мен процестер арасындағы байланыс заңдылық деп аталады. Педагогикалық заңдылық деп – педагогикалық процестің тұтастығын айтады. Қазіргі педагогикалық теорияда “Тәрбие әдісі” ұғымы әлі де жете зерттелмеген мәселелердің бірі. Өйткені бұл жөнінде әр түрлі көзқарастардың бар екені байқалуда. Бұған көптеген авторлардың тәрбие әдісіне берген анықтамаларының өзі – ақ дәлел бола алады. Т.Е. Конниковаңың анықтамасы бойынша – бұл педагогикалық жұмыстың тәсілдері мен жолдары арқылы тәрбие мақсатына жету. И.С. Марьенконың анықтамасы бойынша, тәрбие әдісі – бұл жеке адамға тікелей және жанама түрде ықпал жасау. В.А. Сластенин тәрбие әдісін тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің іс — әрекетінің өзара байланыс тәсілдері деп тұжырымдайды. Сонымен, әр түрлі авторлардың анықтамаларына сүйеніп, мынадай қорытынды жасауға болады. Тәрбие әдісі – тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара байланыс іс-әрекетінде оқушылардың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына бағытталған педагогикалық жұмыс тәсілдері. Мұндай анықтама ынтымақтастық педагогика талабына сәйкес келеді. Ынтымақтастық педагогика мұғалім мен балалардың бірлесу еңбегіне сүйеніп, оларды қуаныш сезіміне бөлейді, табысқа жеткізеді. Тәрбие жұмыстарының әдістері тәрбиенің мақсатына, принциптеріне және мазмұнына, балалардың жас және дербес ерекшеліктеріне, олардың тәрбиелік дәрежесіне байланысты. Тәрбие әдістері тәрбие жұмысының мақсаттары және мазмұнымен анықталады, ал мақсат — әдістің бас критерийі. Тәсіл әдістің құрама бөліктері, әрбір әдістің тәсілдері болады. Мысалы, үйрету мен жаттықтыру әдістерінің тәсілдері: нұсқау, көрсету, машықтандыру,тапсырма т.б. Нақты тәрбие барысында әдістер мен тәсілдер арасында нақты шекара жоқ, ол құбылмалы (өзгергіш), жылжымалы болады. Тәрбие құралдарына іс-әрекеттерінің түрлері көрнекі, құралдар, көптеген комуникация құралдары, педагогикалық ықпал жасау құралдары (мұғалім, ата-ана, ересек

адамдардың сөзі, олардың өнегесі т.б.) жатады. Тәрбие мақсаты жемісті болу үшін осы құралдарды тиімді пайдалану қажет. **Тәрбие әдістері мен тәсілдеріне сипаттама.** Белгілі орыс педагогтары тәрбие әдістерін жасау үшін 40-жылдардың соңында, 50-жылдардың басында көп күш салды. Тәрбие әдістері проблемасын шешуде зор үлес қосқан педагогтар Н.К. Гончаров, Т.Е. Конникова, И.Т. Огородников, Н.И. Болдырев, И.С. Марьенко, Г.И. Шукина, В.А. Сластенин т.б. 60- жылдардың екінші жартысынан бастап педагогикалық іс-әрекеттерін жіктеуде "Советская педагогка" журналының беттерінде бірнеше талас пікірлер айтылып келеді.

Қазіргі кезде тәрбие әдістерін жіктеудің ІІ-ден астам түрлері бар. Солардың ішінде Т. Е. Конникова, Г. И. Шукина және В. С. Сластенин жасаған тәрбие әдістері жіктеуінде бірізділік байқалады. Бұл жіктеу мектептерде қолданылып келеді.

2. **Тәрбие әдістерін жіктеу.**

Герцен атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік педагогикалық институтының ғалымдары (Т.Е. Конникова, Г.И. Щукина) жасаған тәрбие әдістерін жіктеу үш топқа бөлінеді. Бірінші топ- тәрбиеленушілердің іс-әрекеттеріндегі, қарым-қатынасындағы, мінез – құлқындағы жағымды тәжірибені қалыптастыру әдістері: талап, қоғамдық пікір, үйрету, жаттықтыру, арнайы тәрбиелік ситуация. Талап – мінез-құлық нормасының көрнісі, балаларды әлеуметтік тәжірибеге қатыстыру. Талаптың ынталандыру және тежелеу функциялары бар. Ынталандыру функциясы – бұл жұмысты бастау және аяқтау. Тежелеу – басқа адамдардың жұмысына кесел келтіретін әрекетті тоқтату. Қоғамдық пікір – бұл ұжымдық талаптың бейнеленуі, ал талап – нақты міндет, оны іс- әрекеті, процесінде орындау қажет. Ұжым мүшелерінің байымдауы, баға беруі – бұл қоғамдық пікір, ұжымының еркі және күші. Ұжым тәрбие субектісі, педагогктың тірегі.Үйрету, жаттықтыру – бұл мінез – құлық нормасына сәйкес оқушыларды қажетті дағдыға, әдетке төселдіру. Тәрбие үйретуден басталады. Мысалы, баланың мезгілімен жатуы, өз мүліктерін, жұмыс орнын тәртіпке келтіріп ұстауы т.б. Үйрету әдісі баланың орындағыштық, сыпайылылық (инабаттылық), мұқияттылық, табандылық сияқты қасиеттерін қалыптастырады. Балалардың өмір тәжірибесі кеңейіп, санасы дамыған сайын, үйрету әдісі өзінің алғашқы маңызын жойып, басқа әдістермен бірігеді. Мысалы, бұл әдіске өте жақын жаттықтыру әдісі.

Жаттықтыру әдісі – бұл әр түрлі ситуацияда оқушылардың моральдық тапсырмаларды орындауы. Жаттықтыру әдісінің ұжымның мүддесімен, талаптарымен қабысуы қажет. Мысалы, кез – келеген тәрбиелік шараларды мезгілінде бастау оқушыларды тәртіптілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Оқушылардың өндірістік бригадалары, шефке алу жұмыстары оқушыларды борыштық сезімге, жауапкершілікке жаттықтырады.

Үйрету және жаттықтыру әдістерінің тәсілдері: нұсқау, көрсету, машықтандыру, тапсырма. Тәрбиелеуші ситуация жеке адамның жағымды әрекеттерінің және қылықтарының қалыптасуына ықпал етеді. Бұл әдіс тәрбиешілер және тәрбиенушілер арасындағы қарым – қатынасқа қолайлы жағдай жасайды. Сынып, мектеп біріншілігіне жарыс ұйымдастыру, топқа, ұжымға және оқушыға (мектепті көгалдандыру, сыныпты, демалтын орындарды дайындау, яғни безендіру т.б.) тапсырма беру тәрбиелеуші ситуацияда іске асырылады.

Өз еркімен таңдау ситуациясының тәрбиелік мәні өте зор. Мысалы, екінші адамға тұрып орын беру немесе үндемей қалу, шынын айту , немесе жалған сөйлеу т.б. Мұндай ситуацияларда балалар көп ойланады, қайғырады.

**Екінші топ.** Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері (ұғым, байымдау – пікірін айту, баға беру, сендіру). Бұл топтың әдістері: саяси, этикалық әңгіме, әңгімелеу, пікірталас, лекциялар, өнеге.

Бұл әдістердің балалар санасына ықпал жасауда маңызы өте зор. Осы тұрғыдан балаларды өмірдің, еңбектің қоғамдық нормасына қатыстыру қажет, ал бұл балалардан осы нормалар жөнінде білімді, байымдауды, баға беруді талап етеді. Бұл жағдай жеке адамның өмірлік позициясын, яғни көзқарасын сипаттайды.



**Есенбаева Гулназим Мейрамхановна**




# АТАУ СЕПТІК


Алматы қаласы Әуезов ауданы №158 ЖББМ мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 4.2.3.1 – мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру. |
| **Сабақтың мақсаты** | мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастырып жауап береді |

Сабақтың барысы

| Сабақтың жоспар-ланған кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>2 минут | **І.Ұйымдастыру.** Сәлемдесу.<br><br>**І.Қызығушылығын ояту "Көңіл күй таңда" әдісі** Балалардың көңіл күйлерін сұрау ( гүлге жазылған сөздерді таңдайды)<br> | Оқушылар қимылмен жасайды | Жарайсыңдар!<br> | <br> |
| 2 минут<br><br>4минут | **ҰЖ: Топ атауы**<br><br>**1-топ «Қар көшкіні » тобы 2-топ «Сең » тобы** | -плинтер таңдау арқылы топ атауларын алады | Жарайсың!<br><br>**Дескриптор-** плинтер таңдау арқылы топ атауларын біледі |  |
| Сабақтың ортасы<br>1минут<br>**Білу.**<br>5 минут | **Топ ережесімен таныстыру**<br> | Топ ережелерімен танысады | |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4минут | **МТ: Бағалау парақшасы «+1Ақыл»**<br> <br>**1-тапсырма Өткен сабаққа шолу ҰЖ «Кім тапқыр?» әдісі**<br>Wordwall программасы арқылы септіктерді табады<br>https://wordwall.net/ru/resource/51919554<br><br>**МТ : Жаңа тақырып.**<br><br><br>**Дәптермен жұмыс** Қаңтардың Сынып жұмысы<br>**ЕРЕЖЕМЕН ТАНЫСТЫРУ**<br><br>**2-тапсырма ҰЖ «Біліміңді қолдан» 26-жаттығу.** Мәтінді оқы.<br><br>**Шешімін табуға бағытталған сұрақтарға жауап бер**<br>1. 1.Қар көшкіні деген не? | Бағалау парақшасы<br><br>Wordwall программасы арқылы септіктерді табады<br><br>Ребусты шешу арқылы сабақтың жаңа сабақтың тақырыбын біледі<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады | Бағалау парақшасы<br><br>**Дескриптор:**<br>-септіктердің сұрақтарымен сәйкестендіре алады<br>**Бағалау +1АҚЫЛ**<br><br>Ережемен таныстыру | <br><br>https://wordwall.net/ru/resource/51919554<br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2минут | 2. Қыс мезгілінде тауға шықсаң ,нені білуің керек?<br>3. 3.Қар көшкіні болатын ең қауіпті кезең қай кезең?<br>4. .Қар көшкіні болған жағдайда не істеу керек?<br>5. Сен альпинист болсаң, тауға өзіңмен бірге қандай құралдар алар едің? | Мәтінді түсініп оқып сұрақтарға жауап береді | |  |
| 3минут |  | | **Дескриптор:**<br>-шешімін табуға бағытталған сұрақтарға жауап бере алады -мәтіндегі алғашқы сөйлемді көшіріп жазып, бастауыш пен баяндауыштың астын сыза алады<br>**2 балл**<br>**Бағалау**<br>**+1АҚЫЛ** | |
| 4минут | **Мәтіндегі алғашқы сөйлемді көшіріп жазып, бастауыш пен баяндауыштың астын сыз**<br>Қар көшкіні дегеніміз –қардың тау беткейінен төмен қарай жылдам жылжуы. | | | |
| 3минут | **3-тапсырма ЖЖ «Жұптасып талқыла» әдісі**<br>**ЗЗ-жаттығу Төмендегі сөздер бастауыш болатындай етіп жаз.**<br>**Мысалы:Қазақстан –тәуілсіз мемлекет 1-топ «Қар көшкін» тобы** | | |  |
| 3минут |  **Тау, көшкін**<br>**Жауап: 1.Тау өте биік болады**<br>**2.Тауда көшкін көп болады.** | Мәтіндегі алғашқы сөйлемді көшіріп жазып, бастауыш пен баяндауыштың астын сызады | | |
| 3минут | **2-топ «Сең» тобы**  **Өзен ,сең**<br>**1.Өзен дүр сілкінді. 2.Ертісте мұз еріп сең жүре бастады.** | | | |
| | **Саралау: Тапсырма бойынша**<br>**Сергіту сәті**<br>**Екі топтың түстеріне байланысты А4 кағазбен қимыл жасау** (Балалар ғалымдардың зерттеуі бойынша әлемде 4 пайыз адам көзін жұмып қағаздың дыбысын есту арқылы оның түсін анықтай алады екен . Қызықпа сендерге бұл дерек? .Қазір бұны тексеріп көрейік пе? Жасап көреміз бе? Қолдарына түрлі –түсті қағазды ала қойыңыздар.<br> | Сөздерден сөздер құрастырып жазады | **Дескриптор:**<br>сөздер бастауыш болатындай етіп жаза алады<br>**1балл**<br>**Бағалау**<br>**+1АҚЫЛ** |  |







| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **4-тапсырма ӨЖ « Біліміңді қолдан» әдісі** 32 –жаттығу Өлеңді көшіріп жаз.Атау септігіндегі зат есімдерді тауып,олар сөйлемнің қандай мүше болып тұрғандарын жаз.<br>**1-топ «Қар көшкіні» тобы** <br>**Өзен** дүр сілкінді, Көкше **мұз** жыртылды. Демде **арна** кеңейді, Қозғалды **сең** енді.<br>**2-топ «Сең» тобы** <br>Сансыз **мұз** аралы , Қағысып барады. Қайыру бермеген Тағыдай **«сең»** деген<br>**Тақтаға екі топтан 2 оқушы шығып жазады**<br>**5-тапсырма ТЖ «Ойлан, топтас , талқыла»**<br>**1-топ «Қар көшкін» тобы**  Қар көшкініне қауіпсіздік ережесін құрастыр **.**<br><br>**2-топ «Сең» тобы**  Сеңге қауіпсіздік ережесін құрастыр<br><br>**Саралау:** диалог және қолдау көрсету<br>**7- тапсырма «Көбелектерді өз гүліне қондыр»** Ұшып жүрген көбелектердің қанатында септіктердің сұрақтары жазылған. Ал гүлдердің гүлшелерінде септік атаулары жазылған .Септіктердің сұрағына сәйкес көбелектерді өз гүліне қондыр<br> | Сергіту сәтін іс-қимылмен көрсетеді.<br><br>Өлеңді көшіріп жазады. Атау септікті табады<br><br>Топтасып тапсырманы орындайды.<br><br>Аралардың сұрақтарына жауап береді<br><br>Септіктердің сұрағына | **Дескриптор:**<br>-өлеңді көшіріп жаза біледі -атау септігіндегі зат есімдерді тауып,олар сөйлемнің қандай мүше болып тұрғандарының айта алады<br>**2 балл**<br>**Бағалау**<br>**+1АҚЫЛ**<br><br>**Дескриптор:**<br>Қар көшшкіні мен сеңге қауіпсіздік ережесін құрастыр біледі **1балл**<br>**Бағалау**<br>**+1АҚЫЛ**<br><br>**Дескриптор:**<br>Адам ,табиғат сөздерін септеп жаза алады<br>**1балл**<br>**Бағалау**<br>**+1АҚЫЛ**<br>**Дескриптор:**<br>-септіктердің сұрағына сәйкес көбелектерді өз гүліне қондыра біледі<br>**1балл**<br>**Бағалау**<br>**+1АҚЫЛ** | А4 қағаз<br>маркер<br><br>суреттер<br><br><br><br>слайд<br><br>Үлестірме қағаз |


| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **8- тапсырма Қалыптастырушы бағалау ӨЖ «Кім тапқыр? » әдісі Берілген сөздерден атау септіктерін тауып көршап сыз**<br>**Саралау:** Қарқын бойынша саралау Қарқыны төмен, қолдауды көп қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар арқылы көмектесемін | сәйкес көбелектерді өз гүліне қондырады<br><br>Атау септігін табады | **Дескриптор:**<br>-берілген сөздерден атау септіктерін тауып көршап сыз<br>**1балл**<br>**Бағалау**<br>**+1АҚЫЛ** | |
| Сабақтың соңы<br>2 минут<br><br>2мин<br><br>2мин | **IV.Сабақты бекіту: «Гүлге су құяйық»**<br>**Оқушылардың білімін бағалау**<br>**Бағалау «+1Ақыл»**<br>**Кері байланыс**<br>**Үй тапсырма : 30-жаттығу 17 бет** | Сұрақтарға жауап береді<br><br>**Бағалау**<br>**+1АҚЫЛ**<br><br>Кері байланыс жасайды<br><br>Үйге тапсырма | Мадақтау сөздерін айту<br><br>Жинаған +1 Ақылдары бойынша бағалау | |

**Еркінқызы Лия**

# «Р» ДЫБЫСЫН ҚОЮҒА ДАЙЫНДЫҚ. МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

Ақтөбе облысы, Хлебодаровка жалпы орта білім беретін мектебінің дефектолог-логопед

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Логопедтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Кіріспе кезеңі 5 мин**<br><br>**Сабақтың басы 10 минут** | -Сәлемдесу<br><br>Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар.<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Бәріміз жүрсек айналып,<br>Киіз үй болып көрінер.<br>- Балалар, біз қандай заттың бейнесін жасадық?<br>- Ал, киіз үйде кімдер тұрады?<br>- Оларды бір сөзбен қалай атаймыз?<br>- Дұрыс айтасыңдар.<br>Бүгінгі біздің тақырыбымыз өз отбасымыз,достарымыз туралы болмақ.<br>**Артикуляциялық жаттығулар**<br>-Кәнекі, біз тілімізді жаттықтырып алайық.<br>**«Серуен» жаттығуы**. Тілді 1-5-ке дейін санап ұстап тұру.<br>**«Кімнің тістері таза?»** Ауызды сәл ашып, тілдің ұшымен жоғары тістерді ішінен оңға- солға тазалау.<br><br><br>**«Сылақшы».** Жымиып, ауызды ашып, тілдің ұшымен таңдайды «сылау» алдыға- артқа.<br><br> | -Сәлемдеседі, назарын сабаққа аударады<br>-Шаттық шеңберін орындау<br>-Балалар<br>-Киіз үйдің бейнесін жасадық<br>-адамдар,балалар<br>-Отбасы<br>-Балалар артикуляциялық жаттығуларды орындайды<br>«Тіс тазалау»<br><br>«Сылақшы»<br><br>« Ат шауып келеді»<br><br>-Балалар тыныс алу жаттығуларын орындайды.<br>-Балалар<br>-Отбасы мүшелерін көріп тұрмыз<br>Балалар өз отбасы туралы айтып береді. | | <br><br><br><br><br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Ат шауып келеді»**<br>Жымиямыз, ауызды ашып, жалпақ тілді қатты таңдайға қағу.<br><br>**Тыныс алу жаттығулары**<br>- Логопед: енді тыныс алу жаттығуларын жасайық<br>***«Допты қақпаға кіргіз»***<br>Езу тартып күлу, астыңғы ерінге тілдің алдыңғы шетін төменгі ерінге салып, ф дыбысын айтқандағыдай, үстел үстіндегі мақтаны арғы шетіне үрлеу.<br>Орманда аңдардан басқада көбелектер бар екен.<br>**«Ұш көбелек!»** жаттығуын жасайық. Көбелектерді ұшыру үшін үзбей дем шығару керек. Логопед балаға көбелектерді көрсетіп, олармен ойнауды ұсынады.<br>-Қарашы, қандай әдемі көбелектер! Логопед көбелектерді үрлейді,<br>-Қара, ұшты! Енді сен үрлеп, оларды ұшыр. Қай көбелек ары ұшады екен? Үрлеген уақыт 10 секундтан аспау керек.<br>-Жарайсың! Ал енді мына гүлдерге қарашы, олар қалай аталады, білесің бе? ( бақ- бақ гүлі) Енді осы гүлмен аттас жаттығуды жасайық.<br>- Енді мына суретке назар аударайық<br>- Кімдерді көріп тұрсыңдар?<br>- Отбасы мүшелерін атайық: ата, әже, әке, ана, аға, әпке, іні, қарындас<br> | Дәптермен жұмыс<br>Әкем, анам, ағам, қарындасым | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Отбасында кімдермен тұрасыңдар атап, дәптерлеріңе жазыңдар | | | |
| **Сабақтың ортасы 20 минут** | ***Фонематикалық естуін қалыптастыру бойынша жұмыс***<br>-Логопед: Балалар мен сөздер айтамын, сендер «Р» дыбысы бар сөзді естігенде шапалақтауларың керек.<br>Ата, қарррындас, әпке, бауыррр, әже, әпке, көке, Асақаррр<br>**Логикалық тапсырмалар**<br>**« Көлеңкесің тап ойыны»**<br><br><br>**«Серетті боя» жаттығуы**<br>Берілген суреттен барлық « Р» дыбысын боя.<br> | -Балалар Карындас, бауыр, Асқар сөздерін естігенде шапалақтап жауап берді<br><br>Балалар суреттерді көлеңкесімен сәйкестендірді<br><br>Суретті бояйды. | | <br><br><br>Сурет және қалам<br> |
| **Сабақтың соңы** | - Бүгін қай дыбыс бойынша жұмыс жүргіздік?<br>- Әкеміздің әкесі бізге кім болады? | Р дыбысы<br>Ата болады | | |
| **Үйге тапсырма** | -Артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын қайталау<br>-Отбасы суретін салып келу. | | | |

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

# БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕҢГЕРТУ ҮШІН ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Ерполатова Гулсим Едилбаевна**

Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Қаратоғай жоғары Қаратоғай ЖОББМ ағылшын тілі пәні мұғалімі

Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі білім сапасын арттыру. Осы мәселені шешу білім беру мазмұнын жаңа шыландырумен, оқу үрдісін ұйымдастыру технологиясы мен әдістерін жетілдіру болып табылады. Қазіргі кезде оқушылардың шет тіліне қызығушылығын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру әрбір шетел тілі мұғалімінің міндеті. Шетел тілі қазіргі кезде заман талабына сай көптеген мектептерде 1 сыныптан бастап жүргізілуде, демек бұл оқушы бойында ерте кезеңнен бастап ұлтаралық, мәдениет аралық бірлестікке дайындықтың қалыптасуына тікелей ықпал етеді.

Күнделікті бір сарынды, дәстүрлі сабақпен оқушыларды қызықтыра алмайсың, керісінше жалықтыратыны сөзсіз. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту үшін, сабақ барысына жаңалық енгізу қажет. Сол арқылы біз оқушылардың бойында ізденімпаз, шығармашыл, ойлау, ізденіс қабілеттерін қалыптастырамыз. Бастауыш сыныпта ол үшін ойын технологиясын қолданған жөн. Ойын технологиясын сабақта дұрыс қолдана білу керек, себебі санына емес сапасына назар аударған жөн.

Ойын ойнау арқылы балалар өздерін көрсете алады, өзара қарым – қатынасқа түседі, жеңіске деген ұмтылыс пайда болады. Мектепке дейінгі кезеңде ойын – балалардың ең негізгі әрекеті болды. Күнде дәстүрлі сабақ өткізу арқылы, қалаған нәтижеге жете алмайтының түснікті

Сабақта ойын әрекеті болу керек екендігін аңғарылды. Бірақ қандай деңгейде? Сабақтың қай кезеңінде? Қай кезде жақсы нәтиже береді?

Оқу барысындағы ойындық технологияның орны мен ролі, ойын және оқу элементтерінің үйлесімі көп ретте мұғалімнің педагогикалық қызметімен топтастыруын түсінуіне байланысты.

Бірінші кезекте әрекет ету барысына қарай ойындарды физикалық (қимылдық), интеллектуалдық (ақыл-ой), еңбек әлеуметтік және психологиялық деп бөлу қажет.

**Педагогикалық барысының сипатына қарай ойын мынадай топтарға бөлінеді:**

а) оқытып-үйретететін, жаттықтыратын, бақылайтын және жинақтайтын;

ә) танымдық, тәрбиелік, дамытушылық;

б) өнімді, шығармашылық;

в) коммуникативті, кеңес беруші, кәсіби бағдарлы, психо-техникалық және т.б.

**Сабақта қолданатын дидактикалық ойындарды 4 топқа бөлуге болады**

- лексикалық
- фонетикалық
- грамматикалық
- орфографиялық

*Оқыту процесінің әр түрлі сатысында ойын түрлері де танымдық мақсатты көздей алады, оқушының жас ерекшелігіне қарай әр түрлі формада қолданылады:*

- Оқушылар нақты қызмет тәжірибесін меңгереді.
- Оқушылар тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын

мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйретеді.

- Оқу процесінде алған білімді нақты істе қолдана білуге мүмкіндік береді.
- Оқушы әрекетіне негізделген оқу көлемін басқарады.
- Уақытты үнемдеуге үйретеді.
- Оқушылар үшін психологиялық жағымды.
- Ойын барысында шешім қабылдау оқушылардан аса жауапкершілікті талап етеді.
- Оқушылар үшін қауіпсіз.

Сонымен қатар ойындар маңызды әдістемелік тапсырмалардың орындалуына мүмкіндік туғызады:

- Балалардың сөйлеу арқылы араласуына психологиялық дайындығын жасауға;
- Олардың тіл материалын көп қайталауына табиғи қажеттілікті қамтамасыз етуге;
- Сөйлеудің жалпы алғанда күтпеген жағдайға дайындығы болып табылатын оқушылардың қажетті сөйлеу үлгісін таңдап алуға жаттықтыруға.

Сабақ барысында оқушының тілін дамытатындай, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратындай ойындарды қолданған тиімді. Мысалы: «доппен ойыны» балалар допты бір-біріне лақтырып тез заттың атын немесе түсін, яғни жалғастыру керек.

**«Сұрақ қой»** ойынында үстелдің үстінде бірнеше заттар жатады, оқушылар әр затқа сұрақ қою керек,

«Затты тап» ойынында мұғалім әлдебір затты газетпен жауып, сұрақтар қою барысында оқушылар ол не зат екенін шешу керек,

«**Сөз құра**» суретке қарап атын атау және осы сөздің бірінші әрпіне сөз құрау керек,

**«Дым білмес»** ойынында дым білмес тақтадағы сөзді немесе карташыдағы санды дұрыс оқымайды,мысалы: мұғалім 20 санын көрсетеді, ал дым білмес It’s twelve десе, сынып түзетіп No, it’s twenty деп жауап беру керек, «Түсті ата» ойынында мұғалім қызыл түсті карташы көрсетіп «What color is it?» балалар It's red деп жауап береді. Әр ойын сабақ мақсатына сай қолданыс табады. Бұл ойындар оқушының сөйлеу тілін жаттықтырады, яғни коммуникативтік құзіреттілікті арттырады.

Қимылдары дамуымен қатар ойын барысында өлең, тақпақ жаттайды, мысалы: “**colours**”, “**friends**”, “ **school**”, “**family**” .

Сонымен қатар оқушы құзыреттіліктерін дамытатындай рольдік, сюжеттік ойындардың да маңызы зор. Ойын үстінде бала сұранысы мен мұғалім тапсырмасы өзара ұштасады.

Мысалы: **«Our house»** ойыны. Топ өздері тұрғысы келетін үйдің сұлбасын сызады немесе суретін салады. Одан кейін осы үйді салу үшін материалдарды анықтап алады. Осылайша ойын өмірмен байланыста болып, оқушы құзыреттілігін дамытуға септігін тигізеді.

Оқу үрдісінде тиімді ойындардың бірі төмендегідей:

1. Рөлдік ойындар.
2. Іскерлік ойындар.

Рөлдік ойындар интербелсенді әдістердің тиімді бір түрі.

Рөлдік ойындар екіге бөлінеді:

1. Әрбір оқушы рөлде ойнайды.
2. Оқушылардың шағын топтары рөлде ойнайды.

Іскерлік оқу ойындарға келсек, мысалы, сабақ тақырыбы бойынша жазылған сценарийлерге қысқа жағдаяттар ойнау.Ал саяхат ойындарында оқушылар күнделік жүргізеді немесе достары мен туыстарына хат жазады. Блиц оқу ойындары туралы айта кетсек, олар шағын ойындар, оқушылардың нақты біліктері мен дағдыларын дамытуға бағытталады.мынадай түрлері болады: фотосуреттерді баяндау(отбасы мүшелерін, достарын, өз үйіңді, бөлмеңді), сұхбат алу (мерекелер тақырыбы бойын*ша), шындық детекторы (дұрыс, қате), т.б.* Өндірісті ойындарда әлеуметтік және экономикалық маңызы бар күрделі мәселелерді шешуге болады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

**Есенбаева Кумыс Бутаевна**

# СОЦИАЛЬНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ: ВИДЫ МОТИВАЦИИ УЧЕНИКОВ С НИЗКИМ УРОВНЕМ ЗНАНИЙ

учитель английского языка КГУ «С(В)ОШ №44» г.Актобе

«МОТИВАЦИЯ УЧЕНИЯ – ОСНОВНОЕ УСЛОВИЕ УСПЕШНОГО ОБУЧЕНИЯ»
В.А. Сухомлинский

**Мотивация** – совокупность стойких мотивов, побуждений, определяющих содержание, направленность и характер деятельности личности, её поведения.

**Мотив** – то, что побуждает человека к деятельности, ради чего она совершается (интерес, стремление, потребность, идеал, инстинкты, эмоции, влечения, установки).

**Учебная мотивация** — это процесс, который запускает, направляет и поддерживает усилия, направленные на выполнение учебной деятельности. Это сложная, комплексная система, образуемая мотивами, целями, реакциями на неудачу, настойчивостью и установками ученика.

**МОТИВЫ**

| учебно-познавательные | социальные | позиционные |
|---|---|---|
| овладение новыми знаниями | быть полезным обществу | определенную позицию в отношениях с окружающими |
| интерес к приемам самостоятельного приобретения знаний | желание выполнить свой долг | заслужить авторитет |
| самостоятельное совершенствование способов добывания знаний | понимание необходимости учиться | заслужить авторитет |
| рациональная организации собственного учебного труда | чувство ответственности | самоутверждение |
| | | оказывать влияние на других учеников, доминировать в коллективе |

**МОТИВЫ**

| внутренние | внешние |
|---|---|
| при самостоятельной познавательной работе | при самостоятельной познавательной работе |
| интерес к результату деятельности | при оказании помощи взрослым |
| интерес к процессу деятельности | осуществляется в силу долга |
| стремление к саморазвитию | ради достижения определенного положения среди сверстников |

**Признаки мотивирующей среды**

При организации любой деятельности важно учитывать несколько требований. Они просто необходимы для удовлетворения потребностей и формирования правильной мотивации:

1. Деятельность должна быть творческой и разнообразной.
2. Возможность развиваться при выполнении заданий.
3. Чувство принадлежности к группе и признания с ее стороны.

4. Право принимать решения самостоятельно в рамках своей компетенции.
5. Ощущение опоры и помощи.
6. Присутствие внешних атрибутов успеха: похвалы, поощрения, комплимента.
7. Осмысленность требуемых действий.
8. Возможность высказать собственное мнение, которое примут к сведению.
9. Доступность и своевременность получаемой информации.
10. Обратная связь после проделанной работы.

Если все эти признаки (или, по крайней мере, большинство) присутствуют в организации деятельности, то можно считать, что формирование внутренней мотивации пройдет успешно.

**Самомотивация – двигатель прогресса**

Для осмысленного движения важно знать, откуда и куда идти, а также иметь огромное желание. То есть необходима самомотивация. Как ее добиться?

Выполняйте приемы и правила, список которых приведен ниже:

1.Ставьте перед собой только выполнимые цели. Только так будет желание их достигать.
2. Большие цели разбивайте на маленькие задачи. Заведите дневник достижений.
3. Постоянно поощряйте себя вознаграждением за выполненные задания.
4. Старайтесь использовать как можно меньше критики в свой адрес.
5. Ищите единомышленников в своем деле.
6. Попробуйте соревноваться с другими и стать лучшим.
7. Окружайте себя только позитивными и целеустремленными людьми.
8.Читайте книги и смотрите фильмы, которые вас мотивируют.

**Для повышения уровня учебной мотивации:**

Учитывайте интересы ребенка
Не забывайте о похвале
Не критикуйте необычное мышление
Не наказывайте учебой
Контролируйте свое «вмешательство» в детский мир
Хорошо относитесь к учителям ребенка
Расскажите о своих любимых учителях
Делитесь своими рабочими успехами

**Просто любите!**

Предлагаю некоторые тренинговые занятия, направленные на повышение уровня мотивации к обучению за счет осознания значимости происходящего для себя, принятия и одобрения значимыми людьми, потребности и возможности в самовыражении себя на совместных занятиях.

**ЗАНЯТИЕ №1** ***Самооценка и ее влияние на мотивацию деятельности .***

**Упражнение «Позитивные мысли».**

Цель: Развитие осознания сильных сторон своей личности.

Участникам по кругу предлагается дополнить фразу «Я горжусь собой за то…». Не следует удивляться, если некоторым детям будет сложно говорить о себе позитивно. Необходимо создать атмосферу помогающую, стимулирующую ребят к такому разговору.

1. Важно ли знать, что ты можешь хорошо делать, а чего не можешь?
2. Где безопасно говорить о таких вещах?
3. Надо ли преуспевать во всем?
4.Какими способами другие могут побудить тебя к благоприятному самовосприятию? Какими способами ты можешь сделать это сам?
5. Есть ли разница между подчеркиванием своих достоинств и хвастовством? В чем она заключается?

**Упражнение «Еженедельный отчет».**

Цель: развитие возможности анализировать и регулировать свою повседневную жизнь.

Каждому участнику выдается листок бумаги со следующими вопросами:

1. Какое главное событие этой недели?
2. Кого тебе удалось лучше узнать на этой неделе?
3. Что важного ты узнал о себе на этой неделе?
4. Внес ли ты какие-либо серьезные изменения в свою жизнь за эту неделю?
5. Чем эта неделя могла бы быть лучше для тебя?
6. Выдели три важных решения, сделанные тобой на этой неделе. Каковы результаты этих решений?
7. Строил ли ты на этой неделе планы по поводу каких-то будущих событий?
8. Какие незаконченные дела остались у тебя на прошлой неделе?

**ЗАНЯТИЕ № 2** ***«Привет индивидуальность, или чем я отличаюсь от других».***

*Цель:* ознакомить подростков с понятием самооценка, ее роли в жизни человека, формирование адекватной самооценки.

**Упражнение «Комплименты».**


Необходимо поставить друг напротив друга 2 стула. Один из участников садится на стул, другие по очереди садятся на второй стул и отмечают в слушателе только положительные качества. Слушатель может что-то уточнять, задавать дополнительные вопросы, но не отрицает и не оправдывается. Каждый член группы должен побывать на месте слушателя. Затем необходимо обсудить, что думал каждый из участников в процессе выполнения задания.

**ЗАНЯТИЕ № 3** ***«Мое «Я»».***

*Цель:* формирование умения адекватно оценивать себя, свои возможности, моделирование своего «Я» в будущем.

**Упражнение «Пожелания».**

Участникам нужно высказать пожелания на сегодняшний день друг другу. Оно должно быть коротким. Ребята кидают мяч и высказывают пожелание. Необходимо, чтобы мяч побывал у всех участников.




Ұлы Абай: «Адам ата-анадан туғаннан есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы –жаманды танидыдағы сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады», - десе, француз педагогы Жан Жак Руссо: «Бала туғанда ақ қағаздай боп туады, оның үстіне шимайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бла тәрбиесі сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді», - деген екен.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басты мақсаты: дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, патриоттық сезімі қалыптасқан, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ождан мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

Әрбір тұлғаның тәрбиесі отбасынан басталады. Отбасы адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі-дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі-дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға жағынан қалыптастыру.

Қазіргі қоғам жан-жақты, білімді де білікті маман, мәдени ой-өрісі өсіп жетіл-

ген, ұлттық салт сананы бойына сіңіріп өскен, жаңа адамды тәрбиелеуді бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кірудің маңызды алғы шарттарының бірі ретінде қарастыруда. Бұл өз кезінде отбасы мен мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне орасан зор жауапкершілік жүктеп отыр.

